

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№ 10 | 2022

ZANMEDIA.KZ

Ирина БАКИШЕВА,

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ:

**«АДАЛДЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІКТІ
ЕРЕКШЕ БАҒАЛАЙМЫН»**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№10 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Ирина БАКИШЕВА,
Қызылорда облыстық Әділет департаментінің басшысы:

«Адалдық пен мейірімділікті ерекше бағалаймын»

Г. Мақажан

3

СЕПАРАТИЗМГЕ ҚАРСЫ АРНАЙЫ ЗАҢ КЕРЕК

Е. Дүйсенов

10

БІТІМГЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫ ЗАМАНҒА САЙ ЖАҒҒЫРТЫЛУДА

Н. Қойшыбаев

13

Тағылымы мол тұлға

Х. Қоразбаев

16

АР-НАМЫС ПЕН ІСКЕРЛІК БЕДЕЛ СӨТПЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Е. Смаилов

20

ЖЕКЕ СӨТ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАУАПТЫ

Д. Шаханов

22

Омаралы ӘДІЛБЕКҰЛЫ,
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қаласы филиалының төрағасы:

«КӨШІ-ҚОН ҚҰЖАТТАРЫН БИЗНЕС КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРМАҒАН АБЗАЛ»

Е. Ержанұлы

24

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СӨТ ЖҮЙЕСІ

Н. Сеилов

29

БАСТЫ МІНДЕТ — ХАЛЫҚҚА АДАЛ ҚЫЗМЕТ

А. Жанабаева

31

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

А. Омарова

33

АДВОКАТ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Ә. Ержанов

35

ҚҰТҚАРШЫ МЕНІ...

Қ. Әбілқайыр

37

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Бакишева Ирина Жұмабайқызы 1964 жылы 18 мамырда Қызылорда облысының Тереңөзек ауданында дүниеге келді. Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. Кейіннен Қазақ мемлекеттік Заң университетінен заңгер мамандығын алса, ол бұдан соң Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университеттің есеп және аудит мамандығын игерді.

Алғашқы еңбек жолын 1985 жылы Қызылорда қаласының 1-Май атындағы орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып бастады. 1988 жылы Қызылорда облыстық ЛКСМ-да үгіт және насихат бөлімінің инструкторы болды. Әр жылдары Сырдария ауданы атқару комитетінің хатшысы, «Массaget» фондының брокері, «Рух» заң фирмасының заңгері, директордың көмекшісі болып еңбек етті. 2000 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаментінің бас маманы болды.

2001 жылдың шілде айынан Қызылорда облысы Әділет басқармасының азаматтық хал актілерін жазу бөлімінің басшысы, 2002 жылдың қыркүйегінен бастап Әділет басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. 2019 жылдан бері Қызылорда облысының әділет департаментін басқарып отыр.

Ирина Жұмабайқызы қызметтік міндеттерін жоғары деңгейде атқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің I және II дәрежелі «Заңгер» төсбелгісімен, «Әділет органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық медалімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ, әр жылдары «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл» мерекелік медальдарын иеленді. Әділет органдарының құрылғанына 30 жыл толуына орай Қызылорда облысы әкімінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Отбасылы.



Ирина БАКИШЕВА,

Қызылорда облыстық Әділет департаментінің басшысы:

«АДАЛДЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІКТІ ЕРЕКШЕ БАҒАЛАЙМЫН»

– Ирина Жұмабайқызы, Сізді Әділет органдарының құрылғанына 30 жыл толуымен құттықтаймын! Отыз жылда сала қандай жетістіктерге жетті, осы тұрғыдағы ойыңызбен бөлісе отырсаңыз?

– Көп рақмет. Әділет органдары осы жылдары ішінде өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтің құқықтарын қамтамасыз етуді жүзеге асырды. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысына заңдық тәртіпте қолдау жасап, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етті. Сондай-ақ, мемлекеттің дамуы мен өркендеуіне заңнаманы жетілдіруге, әділеттілік ұстанымын бекітуге, азаматтардың конституциялық құқығын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және жүзеге асыруға әрдайым белсенді үлесін қосып келеді.

Осы жылдар ішінде Әділет органдары ұлттық заңнаманы жетілдіру және дамыту бойынша аса маңызды міндеттерді орындады. Мәселен, жүздеген заңнамалық актілер, сондай-ақ, оларды қабылдау кезінде Әділет органдары тікелей қатысқан мыңдаған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Тәуелсіздік жылдарында әділет органдары нотариат, адвокатура, атқарушылық іс жүргізу, заңды тұлғалар-

ды, жылжымайтын мүлікті, азаматтық хал актілерін, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау институттарын жетілдіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді.

Биыл Әділет органдары қызметінің 30 жылдығын жоғары деңгейде атап өттік. Шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, сала ардагерлері мен қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтады. Бірқатар әділет саласының үздіктері ҚР Әділет министрлігінің салалық медалімен, грамотасымен, сондай-ақ, Алғыс хатымен, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Іс-шарада ҚР Әділет министрінің құттықтау хаты оқылып, өнерпаздар мерекелік концерт ұйымдастырды. Мерейтойда сала қызметкерлері еңбектерінің еленуі, оларға шабыт сыйлады. Біз әрдайым қазақстандық әділет органдары жұмысының жанданып, одан әрі дамуы мен қалыптасуына өз үлесімізді қоса береміз. Мемлекеттің құқықтық жүйесін дамытып, бұл тұрғыда халыққа адал қызмет ету басты міндетіміз.

– Әділет органдарына алғаш қызметке келгеніңіз жайында айта отырсаңыз?

– 2001 жылы Әділет басқармасы облыстық АХАЖ бөлімінің басшылығына мемлекеттік конкурс жарияланды. Жолым болып,

30 ҚЫРКҮЙЕК - ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



жұмысқа қабылдандым. Ол кезде облыстық Әділет басқармасының бастығы, әділет генерал-майоры Айтбай Әлібаев болатын. Айтбай Сүйінбайұлы білімді, білікті, талапшыл басшы болды. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген қағида бекер айтылмаған ғой. Айтбай Әлібаев әділет органындағы алғашқы қызметімде ұстаздық етіп бағыттағандар беріп, ақыл-кеңесін аямады. Маған ғана емес бұл кісі ізінен ерген барлық жасқа қамқор болып, жөн сілтеді. Сала жұмысын жедел игеріп, қыр-сырын толық меңгеріп кетуіме көп көмегін тигізді. Содан бері осы салада жемісті еңбек етіп келемін.

– Әділет департаменті басшысына, жалпы басшы атаулыға қажет қасиеттерді атай аласыз ба?

– Қызметке адалдық әр басшының бойынан табылуы қажет. Бұл ең негізгі қасиет деп ойлаймын. Ұжымдағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасап, ұстамдылық танытудың маңызы зор. Басшы атаулының

тағы бір ерекшелігі деп алдына мақсат қойып, оған жете алуын айтуға болады. Ол өзінің нені нақты қалайтынын жақсы білуі және оны іске асыруда нақты жоспар жасай алуы қажет. Мұндай іскерлік ең алдымен жұмыста өзін-өзі дамытуға бағытталады.

Мақсатқа жету кезінде көшбасшы үшін сабырлылықтың алар орны зор. Сонымен бірге, адамның өзіне деген сенімі нық болуы және қызметтестерінің нәтижелі жұмысын бағалай алуы тиіс. Басшы ең алдымен халықтың адамы, сол себепті, көпшілікпен тіл табысып, жағымды қарым-қатынас орнату маңызды. Қызметкерлерінің пікірлерімен санасып, әрбір айтылған ойды саралай білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Көпшілік қашанда басшыдан мейлінше іскер, ұстамды, сабырлы, жоғары парасат иесі, қысқа айтқанда нағыз көшбасшы болуды талап етеді.

Жалпы алғанда, заңгердің шынайы мәртебесін – оның білімі мен біліктілігі, ар-ождан тазалығы, іскерлігі мен адамгершілік бет-бейнесі айқындайды. Ал табандылық



пен талапшылдық болған жерде, сәттілік те қатар өрбімек. Халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілегі мен шағым-өтініштерін тыңдап, шындықты жақтап, қоғамның әділдік ұстанымдарына қызмет ету – менің басты мақсатым

– Аймақта әділет органдары қызметінің дұрыс қалыптасуына елеулі үлес қосып келесіз. Саланың ілгерілеуінде қандай жаңашылдықтар бар?

– Әділет министрлігі қызметінің басты мақсаты құқықтық мемлекет құрып, қалыптастыруға бағытталған. Аталған органның тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекетті орнықтыруға қосқан үлесі баға жеткісіз.

Қызылорда облысының Әділет органдары да өзіндік міндеттері мен мақсаттарын жүйелі іске асырып келеді. Бүгінде Әділет департаментімен ұсынылатын мемлекет-

тік қызметтер электронды форматқа ауыстырылып, оңтайландырылды. Азаматтар мемлекеттік органға келмей-ақ, яғни, үйінде отырып керекті қызметті ала алады. Әділет органдарының функциялары қоғамның барлық саласымен тығыз байланыста.

– Атап айтсаңыз?

– Айталық, адвокаттық және нотариаттық қызметтер көрсету азаматтардың құқықтарын қорғаудың кепілі. Азаматтық хал актілерін, жылжымайтын мүлік заңнамалық заңдылық жағынан қадағалау мен методикалық көмек көрсетуде бағыт-бағдар беріп отырамыз. Заңды тұлғаларды тіркеу қызметтері адамды белгілі бір құқыққа ие етеді. Сот актілерін орындау – құқығын сот арқылы қорғаған азаматтың әрі қарайғы құқығының іске асырылуын қамтамыз ететін маңызды сала. Ал, егер де азамат шығармашылық саласының өкілі болса, оның авторлық құқығының қорғалуына кепілдік беретін де Әділет органы.

Біздің басты міндетіміз – заңдылық пен

тәртіптің үстемдігін орнату болып табылады. Президентіміз халықтың әл-ауқаты, құқықтары мен бостандықтары тұрасында аз айтып жүрген жоқ. «Елімізде заң үстемдік етуі тиіс. Заң алдында билік өкілдері де, азаматтар да бірдей», – деген Мемлекет басшысы заңның үстемдігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіндегі басты қадам екенін ұғындырды.

– Адам бойындағы өзіңіз ерекше қадірлейтін қасиет?

– «Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой
Бес асыл іс, көнсеңіз» дегенде Абай ата-

мыз, жағымды және жағымсыз қасиеттерді дәл суреттеген ғой. Менің ойымша, адам бойындағы адамға тән қасиеттердің барлығы да бағалауға тұрарлық. Әсіресе, адалдық пен мейірімділікті ерекше қадірлеймін.

– Сіз үшін достықтың мәні неде?

– Адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүддеде, ортақ көзқараста бола алуын нағыз достық дер едім. Сондай-ақ, нағыз дос – сенің басыңдағы кез келген жағдайды басқалардан артық түсінетін, яғни, өзің сезгендей сезе алатын сенің екінші сыңарың. Досқа деген сенімнің болғаны сондай, оған өміріңнің тізгінін де сеніп ұстауға болады. Туған бауырыңдай қашан да саған жақын.

Адамның нағыз досының болуы міндет-





ті емес. Бірақ, болмауы – өкініш. Дос сенің жүз пайыз сеніміңдегі адам. Қалай айтсаң да жарасады. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі деп білемін. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Сатқындық, екіжүзділік, өтірікшілік, өзіншілдік достықпен сыйыспайды.

– Уақытыңыздың көп бөлігі жұмыста өтеді, отбасында бала тәрбиесіне кім көбірек көңіл бөледі?

– Бала тәрбиесі – үлкен бір ғылым. Ең алдымен ата-ана баланың алдындағы өз міндетін біліп, сол міндетті жеткілікті дәрежеде орындауы тиіс. Рас, мемлекеттік қызметкер болғандықтан, отбасыға арнайтын уақыт жетпей жатады. Дегенмен де, отбасы мен

бала тәрбиесі алдындағы жауапкершілігім ешқашан назардан тыс қалған емес. Уақытты үнемдеуге, өзімнің әйел ретіндегі, ана ретіндегі орнымды жоқтатпауға тырысымын. Қазір балаларым өсіп, өз орындарын тауып жатыр.

Қызым Ақбота «ПетроКазахстанҚұмкөл-Сервис» АҚ-да геофизик болып еңбек етеді. Кенже қызым Аружан С.Шаухаманов атындағы Білім-инновация лицейінде 10 сыныпта оқып жүр. Әйелдің қызмет пен отбасын қатар алып жүруінде бірінші кезекте жары мен жақындарының қолдауы қажет. Жолдасым Өтеген Төлегенұлы әркез қолдаушым. Ол мұнай саласында транспорт логистика бөлімінде еңбек етеді.

– Алғыс айтар жақындарыңыз кімдер?

– Бала үшін ата-ананың орны бөлек қой. Біздің әрбір жетістігіміз сол кісілердің тәлім-тәрбиесінің, сүйіспеншілігінің нәтижесі. Өз басым әкем Жұмабай мен анам Айымханға басымды иіп алғыс айтар едім. Маған өмір сыйлап осы күнге жеткізді. Ата-анамның әрбір сөзі мені жақсылыққа баулып, алға ұмтылдырды. Бойыма күш-қуат берді, қуаныш сыйлаған ата-анама мың тағзым. Ол кісілер бақилық болса да айтқан өсиеттері әрқашанда есімде. Олардың менің өмірлік ұстанымымның дұрыс қалыптасуына айырқша ықпалы болды. Орнымды тауып, отбасын құрған соң ата-енемнің қолдауы мен мейірім-махаббатына ие болдым. Әке-шешемдей бола білген бұл кісілерге де алғысым шексіз. Әрдайым қолдап, қамқорлық жасағандары үшін бауырларыма, достарыма, жалпы, өмір жолымда кездескен әрбір адамға рақмет айтамын.

Мен бүгін барша Қазақстан халқына, осында тұратын күллі азаматтарға бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқанымыз үшін алғыс айтқым келеді. Біздің қоғамда ұлтына, наным-сенімі мен білім деңгейіне қарамастан, адамдар бір-біріне құрметпен қарайды. Осындай кең пейілді халықтың арасында өмір сүріп жатқанымға әрқашанда қуаныштымын.



– Алға қойған мақсатыңыз қандай?

– Мемлекеттік қызметте жүргеніме 27 жыл болыпты. Оның 21 жылдан аса уақытында Әділет органдарында қызмет жасадым. Қызмет көрсетіп, ел-халықтың алғысын алып, өзіме риза болған кездерім көп болды. Дәл қазіргі мақсатым – Әділетті Қазақстан құру жолында еліміздің жаңаша бағытта дамуына өзімнің үлесімді қосып, атсалыссам деймін. Осы бағытта Әділет органдарының қызмет сапасын арттырып, беделін көтеруге барынша күш саламын.

– Жаңа күннен, жаңа Қазақстаннан не күтесіз?

– Президентіміздің «Уақыт қаншалықты

қиын болса да, біз өз бағытымызды өзгертпейміз» деген сөзі, әрбір Қазақстан азаматына үлкен үміт берері сөзсіз. Алдағы жаңа күндер елімізге жаңаша леп, жаңаша серпін әкеледі деп сенемін. Президенттің халыққа арнаған әрбір жолдауы, елімізде болып жатқан оң өзгерістер мен жаңаша бағытта дамып келе жатқан түрлі салалар бәрі-бәрі жаңа күндердің алыс емес екенін аңғартатындай. Жаңа күн жақсылығымен келсін!

– Сұхбатыңызға рақмет!

Гүлбану МАҚАЖАН
Қызылорда облысы

СЕПАРАТИЗМГЕ ҚАРСЫ АРНАЙЫ ЗАҢ КЕРЕК

Қазақстанның конституциялық дамуына азаматтық қоғам тарапынан қызығушылықтың артуы әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық сипаттағы бірқатар факторларға байланысты.

Қаңтардың қаралы оқиғасы және осы жылдың наурыз айындағы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың жаңа Қазақстан құруға шақырған шын мәніндегі революциялық жолдауы конституциялық реформаны жүргізудің қажеттілігін объективті түрде қалыптастырды, ол біздің еліміздің қолданыстағы Конституциясы қабылданған күннен бастап алғаш рет өткізілген бүкілхалықтық референдуммен аяқталды.



Еркін ДҮЙСЕНОВ,
заң ғылымдарының докторы,
Д. А. Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының профессоры

30 тамызда еліміз мемлекеттің негізгі заңы – ҚР Конституциясының қабылданғанына 27 жыл толуын атап өтті. 1995 жылы қабылданған Конституция мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығының құқықтық кепілі болып табылады.

Конституцияның құқықтық идеялары, принциптері мен нормалары жоғары заңды күшке ие және тікелей әрекет етеді, сонымен қатар, біздің еліміздің барлық ағымдағы заңнамасының пайда болуы мен дамуының бастауы.

Конституцияның қабылданғанына 27 жыл толуы қарсаңында кейбір ой-пікірлеріммен бөліскім келеді. Айталық, ҚР Конституциясының 91-бабының 2-тармағы Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз екенін императивті нысанда айқындайды.

Егеменді Қазақстан халқы мен мемлекетінің іргелі де түбегейлі мызғымас құндылығы болып табылатынын ескере отырып, Конституцияның 91-бабының 2-тармағындағы «тәуелсіздік» деген сөзді «егемендік» деген сөзбен ауыстыру және осы тармақ келесі редакцияда жазылғаны дұрыс болар еді деп ойлаймын: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің егемендігі, Республиканың аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді». Бұл тұжырым біздің еліміздің егемендігіне, әсіресе қазіргі халықаралық жағдайда, кез келген қол сұғушылықтан күшті және нақты құқықтық кепілдік болады.

Бұл қорытынды Конституцияның 2-бабы 2-тармағының ережесінен қисынды түрде туындайды, оған сәйкес Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Негізгі заңның 3-бабы 1-тармағының ережесі де белгілі бір назар аударуға лайық, онда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық болып табылатыны белгіленген. Алайда, халық мемлекеттік биліктің жалғыз бастауы ғана емес, сонымен бірге (бұл өте маңызды!) егемендіктің иесі. Өз елінің белгілі бір аумағында тұратын адамдар ғана осы мемлекеттің егемендігінің иесі бола алады.

Болашақта Конституцияның 3-бабының 1-тармағы келесідей редакцияда жазылғаны дұрыс: «Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі». Осылайша, еліміздің егемендігін құқықтық қорғау күшейтіледі, өйткені, егемендікке кез келген қолсұғушылық Қазақстан аумағында тұратын және біздің мемлекетіміздің көпұлтты халқын құрайтын

барлық этностардың бейбіт қатар өмір сүруіне қолсұғушылықты білдіретін болады.

Бұдан әрі ҚР Конституциясының 5-бабының 3-тармағы мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ, заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынатынын белгілейді. Әрине, бұл конституциялық шешім біздің мемлекетіміздің егемендігіне нақты құқықтық кедергі болып табылады.

Сонымен бірге, атап өткім келетіні, сепаратистік идеялардың субъектілері (тасымалдаушылары) тек қоғамдық бірлестіктер ғана емес, сонымен бірге дара индивидтер – жеке тұлғалар болуы мүмкін. ҚР Конституциясының 34-бабы 1-тармағына сәйкес әркім ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. ҚР негізгі заңының 20-бабының 3-тармағына сәйкес Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейтіндігі көрсетілген, Қазақстанның заң шығарушысының тек ағымдағы (қылмыстық және әкімшілік, сонымен қатар конституциялық заңнамалық) деңгейде ғана емес ойланатын мәселесінің жеткілікті екенін айтқым келеді.

Сепаратизмге қарсы іс-қимыл проблемасына неғұрлым мұқият тоқталғым келеді, өйткені қазіргі жағдайда бұдан бөлек сыбайлас жемқорлық, халықаралық терроризм және діни экстремизм сияқты мемлекетіміздің егемендігіне қауіп төндіретін бірқатар проблемалар да маңызды бола тұсуде. Соңғы 10 жыл ішінде мен бұқаралық ақпарат құралдарында бұл мәселені заңнамалық түрде шешу қажеттілігін бірнеше

рет айттым. Қазіргі уақытта ҚР Қылмыстық кодексінің 180-бабында ғана сепаратистік әрекет үшін жауапкершілік көзделген. Сепаратизм, сонымен бірге біртұтас мемлекетте автономия құруға бағытталған идеялар, көзқарастар жүйесі және практикалық қызмет, оны басқа мемлекетке қосу үшін аумақтың бір бөлігін бөлу бүгінде біздің егемендігімізге қауіп төндіреді және оған елдің саяси басшылығы тарапынан да, заң шығарушы Парламент тарапынан да мұқият назар аударуды талап етеді.

ҚР ҚК-нің жоғарыда аталған бір бабымен бұл мәселені шешу мүмкін емес. Соңғы уақытта шетелде де, ел ішінде де жиі айтылатын сепаратистік идеялар конституциялық және қазіргі заңнама деңгейінде нақты құқықтық тосқауылға тап болуы керек. Сонымен қатар, қазіргі уақытта бұл заң Қазақстанда жоғарыда аталған ҚР ҚК-нің 180-бабы, 2005 жылғы 18 ақпандағы діни экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы (25.05.2020 ж. жағдай бойынша) және 1999 жылғы 13 шілдедегі терроризмге қарсы іс-қимыл туралы (14.07.2022 ж. жағдай бойынша) заңдар қолданыста болған жағдайда да қажет. Заң шығарушы сепаратизмді ҚР ҚК-нің 180-бабы мен экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңның призмасы арқылы ғана қарау ұстанымын қайта қарауы шарт.

Қазіргі Қазақстан – бұл көп ұлтты, көп конфессиялы және көптілді мемлекет, онда барлық этностар, әдетте, белгілі бір-нақты аумақта жинақы тұрады, бұл өз кезегінде сепаратистік идеяларды өсіру мен дамыту үшін қолайлы орта болып табылады. Сепаратизмге қарсы күресте бүгінгі күні ең алдымен сепаратизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу шараларына қатысты жүйелі және кешенді көзқарас қажет. Бұл сонымен бірге ұйымдастырушылық, идеологиялық, қаржылық, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, құқықтық және тілдік сипаттағы шаралар жүйесі бекітілуі шарт болатын сепаратизмге қарсы іс-қимыл туралы жеке заң қабылдау қажеттілігі туралы менің идеямды растайды. Сонымен қатар, мен атап өткендей, сепаратизмнің пайда болу мүмкіндігіне әкелетін себептер мен жағдайларды жоюға баса назар ауда-

ру керек. Бұл жерде жетекші рөл Қазақстан халқы Ассамблеясына және оның өңірлердегі бөлімшелеріне берілуге тиіс. Дәл осы ҚХА құқық қорғау және арнайы органдармен бірлесіп, еліміздегі сепаратизмге қарсы іс-қимыл тұжырымдамасын әзірлеп, осы бағытта жұмыс жүргізуі керек.

Бұдан әрі, сепаратизмге қарсы іс-қимыл туралы заң осы заңды іске асыруға жауапты мемлекеттік және жергілікті органдар басшыларының, олардың лауазымды адамдарының жауапкершілігі мен мемлекеттік тәртібін арттыруды көздейтін жағдайда нақты жұмыс істейтін болады. Сондықтан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және тіпті ҚР Қылмыстық кодексіне лауазымды тұлғалардың сепаратизмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шаралар қабылдамағаны және өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігін көздейтін құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын енгізу талап етіледі.

Бұдан басқа, сепаратизм идеясының тілдік негізде жасанды түрде өсіріліп келе жатқанын ескере отырып, Конституцияның 7-бабының 2-тармағында орыс тілін қазақ тілімен қатар, ресми тіл ретінде пайдалану құқығын қалдырып, осы баптың 1-тармағын «мемлекет құрушы ұлттың тілі ретінде» деген сөздермен толықтыру және оны келесідей редакцияда жазу дұрыс деп пайымдаймын: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – мемлекет құраушы ұлттың тілі ретінде қазақ тілі». Мұндай қосымша, мысалы, Ресей Конституциясына 2020 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде енгізілді.

Конституцияның 7-бабы 1-тармағындағы осы толықтыру біздің негізгі заңымыздың кіріспесіне неғұрлым толық сәйкес келетін болады, онда: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...» деп атап көрсетіледі.

Осылайша, Конституция еліміздің негізгі заңы ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық дамуына негіз болатын жеткілікті әлеуетке ие. Алайда, бұл әлеуетті біздің егемендігіміздің берік қорғауы үшін күшейту қажет.

БІТІМГЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫ ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Жаңа Қазақстан-
ды құрудағы бола-
шаққа бастар бағытымыз
да, мақсатымыз да айқын.
Яғни, біздің басты мақса-
тымыз - өркениетті мем-
лекеттер қатарынан орын
алып, құқықтық мемлекет
құру. Бұл жолда жүзеге
асырылып жатқан шара-
лар халықтың көз алдын-
да өрбүде.



Нұрсұлтан ҚОЙШЫБАЕВ,
Қонаев қалалық сотының судьясы

Елдігімізді нығайтатын бес институттық реформа аясындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында алға қойған міндеттер орындалып жатыр. Қазақстанның үшінші жаңғыруы жарияланып, оның бес басымдығы

нақтыланды. Конституциялық реформалар жасалды, бірқатар заң жаңарып, рухани жаңғыру жолына түстік.

Соған орай, заманауи сот жүйесін елдің ұлттық-рухани тамырымен сабақтастыра

отырып жетілдіру қажеттігі туып, уақыт сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыру басты орынға қойылды. Судьялар жүктемесін азайтып, даулы істер деңгейін төмендетуде билер тәжірбиесі үлгі етілді.

Билер институтының дау шешудегі дара жолының тиімділігін қазақ данагөйлерінің де сөзінен аңғаруға болады. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Би һәм билік туралы» мақаласында: «Билік туралы қазақтың ескі жолы жоқ емес, қазылған қара жолдай жолы бар. Ол ескі жолдың көбі осы күнгі өмірге қолайлы. Соларды тексеріп, қолайлысын алып, осы күнгі өмірге келісімсізін түзеп, бір жоба жол қылып жазса, қазаққа сонан қолайлы жол болмас еді», – деп жазады. Осы құндылық өмірімізге қолайландырылып, «Медиация туралы» заңға айналды. Республикамыздың Жоғарғы Соты билер институтын заманға сай жаңғыртуда ауқымды жобаларды іске қосты.

Адамның құқығы мен бостандығын, ар-намысын, заңды мүддесін қорғау Конституциямен кепілдендірілген. Сондықтан, елімізде азаматтардың өз құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ізгілік пен ақиқатқа қол жеткізуіне қажетті шаралар қабылданды. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы мен соған орай өзгертіліп, толықтырылған заңдары дау-дамайды сотқа жеткізбей татуласу жолымен бітірудің маңызын арттырды. Бұл тұрғыда, әрине, құқықтық сауат пен мәдениеттің алар орны зор.

Халыққа медиацияны насихаттауға соттар белсенді түрде атсалысуда. Жұмыс істегеніне он жылдан асқан заң бүгінде азаматтар үшін де, соттар үшін де өзінің тиімділігін көрсетіп жатыр. Яғни, халықтың құқықтық сауаттылығын көтеру мен соттардың медиацияны дамытудағы белсенді жұмысының арқасында сот даулары еселеп қысқаруда. Дана билер айтқандай, төрелік етудің ең басты мақсаты – тараптарды татуластыру екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

«Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең

ішінде» қағидатын ұстанған халқымызға медиация жат емес. Сондықтан, Азаматтық, Қылмыстық, Әкімшілік құқық бұзушылық, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстерге медиация нормалары енгізіліп, оны қолдану тетіктері барынша кеңейтілді. Өйткені, медиация институты екі жақ та келісетін шешім қабылдануы мүмкін істерді қараудан соттарды біртіндеп босатуға алғышарт жасайды.

Медиация туралы заңының 24-бабына сай, тараптардың медиация туралы шарт жасасуы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатпайды. Егер медиацияны жүргізуде тараптардың бірі кәмелеттік жасқа толмаған адам болса, онда педагог немесе психолог, заңды өкілдері қатысады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде медиация заң тәртібімен сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу уақытында жүзеге асырылады. Медиация тоқтатылған кезде тараптар қылмыстық процесті жүргізетін органға дауды реттеу туралы келісімді жібереді. Өзге жағдайларда осы заңның 26-бабына сүйене отырып, медиацияны тоқтату туралы жазбаша хабарламаны жіберуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде процестік келісімнің талаптары орындалған кезде және татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормалары қарастырылған. 67-бап талабына орай, процестік келісімнің барлық шартын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Дегенмен, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты он төрттен он сегізге дейінгі адамға кәмелетке толмаған адам жасаған жағдайларды қоспағанда, мұндай қылмыс жасағандарға қолданылмайды.

Халыққа заңды түсіндіру мақсатында мақаламызға 68-бапты арқау етпекпіз. Сотта процеске қатысушыларға медиация тәртібімен қылмыстық жауаптылықтан босату және қылмыстық істі қысқарту заңдылықтары түсіндіріледі. 68-баптың 1-бөлігіне сай, қылмыстық теріс қылық, сондай-ақ, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағандар жәбірле-

нушімен, арыз берушімен медиация арқылы татуласып, келтірілген залалдың орнын толтырса қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Осының негізінде босатуға істі алдын ала тергеп-тексеру кезінде ғана емес, қылмыстық істі басты сот талқылауында сотта қарау барысында да жол беріледі.

Бірақ, бұл жерде ескерерлігі, 68-бап адам шығыны болған жағдайда қолданылмайды. Мемлекетіміздің басты қазынасы адам және оның өмірі екені Ата Заңмен айқындалған. Сондықтан, адам өлімімен немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірумен байланысты қылмыстарда медиацияға жол берілмейді.

Бұған қоса осы баптың 2-бөлігінде жекелеген санаттағы ауыр қылмыс жасаған адамдардың татуласуына қатысты жауаптылықтан босату нақтыланған. Мысалы, жоғарыда айтып өткендей, адам өлімі орын алмаған, денсаулыққа ауыр зиян келмеген жағдайда ауыр қылмысты алғаш рет жасағандарға қылмыстық жазадан босау мүмкіндігі берілген. Бұл қатарда кәмелеттік жасқа толмағандар мен жүкті және балалы әйелдер, сонымен қатар, кішкентай балаларын бір өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз бен осы жастан асқан әйелдер, алпыс үш немесе одан да үлкен ерлер бар.

Егер бұл санаттағылар жәбірленушімен, арыз берушімен келісе алса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласып, зиянды қалпына келтірсе қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Тағы бір айтарлығы, қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелет жасына жетпегендерге тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары жүргізіледі.

68-баптың 3-бөлігінде көрсетілгендей, қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан қоғам мен мемлекет мүддесіне залал келтіргендердің өз әрекетіне шынайы өкініп, зиянды өтеуі істі тоқтатуға ықпалын тигізеді. «Сүрінбейтін тұяқ, жаңылмайтын жақ жоқ» демекші, өмір болған соң түрлі жағдайдың орын алады. Сондай кездері

аяғын шалыс басқандардың түзелуіне Қылмыстық кодекстегі медиацияның әсері мол.

Татуласуға байланысты жауаптылықтан босатуға жатпайтын қылмыстың түрлері осы баптың 4-бөлігімен нақты сараланған. Мысалы, медиация азаптауларға, абайсызда адам өліміне не екі және одан да көп қазаға ұшыратқандарға, сыбайлас жемқорлыққа, терроризм мен экстремизмге, қылмыстық топ құрамындағыларға қолданылмайды.

68-баптың 4-бөлігі 2-3-тармақшаларын одан әрі нақтыласақ, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты он төрт пен он сегіз жас аралығындағы адамға кәмелетке толмаған бала жасаған жағдайда оны медиация тәртібімен татуласу арқылы қылмыстық жауапкершіліктен босату мүмкіндігі қарастырылған. Бұл норма абайсызда жақын туыстарының, жұбайының өліміне алып келген жол-көлік оқиғасы жағдайларын да қамтиды.

Татуласуына байланысты ісі тоқтатылған адам тағы бір қылмыс жасап, ол бойынша залалды өтеп, жәбірленушімен татуласса да қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды. Тиісінше оған қатысты үкім шығарылады. Заңдағы бұл норма (ҚК 71-бап) қасақана қылмыстарды қайта жасаудың алдын алу, жәбірленушілердің құқығын қорғау мақсатын көздейді.

Бабаларымыздың «Өсер елдің арманы бітпес, өспес елдің жанжалы бітпес» деген өсиетіне жүгінсек, медиацияны тек сот саласына қатысты деп түсіну қате. Олай дейтініміз, данагөй билеріміз кезінде ел ішіндегі тентектерін түрмесіз-ақ түзеген. Осынау құндылықтың құлашын кеңге жаюына мемлекеттік мекемелер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жалпы қоғам болып атсалысса, межелі мақсатқа жетеріміз анық. Бітімгершілік институты тараптардың еріктілігі мен бостандығы принциптеріне негізделгендіктен, оның заңмен берілген артықшылықтарын халыққа үздіксіз насихаттау баршаға міндет.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТҰЛҒА

«Өмір-өзен». Өмір ағысы да осындай асау өзен сияқты кері ақпайды, күшті толқындарға қарсы тұра алмасаң жағаға лақтырады, қарсы жүзуге мүмкіндік бермейді. Адам да дәл осындай әртүрлі күйді басынан кеше жүріп шындалады, өз биігіне өрмелеп, өмірден орнын табады. Міне, біреуге қадірлі іні, біреуге қымбатты аға, тағы біреуге сенімді дос, ұлағатты ұстаз, үлгілі жар, қимас әке болған, Қазақстанның көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері Иран Әмірұлының келместің кемесіне мінгеніне де сегіз жыл болыпты. Көзі тірі болғанда биыл 78 жасқа толатын еді.



ӨМІРДЕРЕК

Иран Әмірұлы 1944 жылы 15 қыркүйекте Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Қаракеткен стансасында туған. С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген, құқықтанушы. 1970 жылы Ақтөбе қалалық сотының судьясы, 1974 жылы Фрунзе аудандық сотының судьясы, 1975-1982 жылдары Ақтөбе облысының Октябрь аудандық соты судьясының төрағасы, ал 1982 жылы Ақтөбе облысы Алға аудандық сотының төрағасы, 1991 жылдары Ақтөбе қалалық сотының төрағасы қызметін атқарса, 1995 жылы Ақтөбе облыстық сотының төрағасы, ал 2004 жылдан ҚР Парламенті Сенатының 3-ші шақырылымының депутаты, Заңнама және құқықтық мәселелер комитетінің мүшесі болған. ҚР Жоғары сот кеңесінің мүшесі (2004-2008), ҚР Сот атқарушылары одағының төрағасы, ҚазКСР Еңбек сіңірген заңгері (1989), ҚР Құрметті судьясы (2001) атағын иеленді. Иран Әміреұлы «Құрмет» ордені (2007), «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005), «Қазақстан Парламентіне 10 жыл» (2006), «Астананың 10 жылдығы» (2008) медальдарымен; «Үш би» Құрмет белгісімен марапатталған. Ақтөбе облысының және Қызылорда облысы Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы».

Ол кісі тек ағайын, жерлестері арасында ғана қадірлі емес, сонымен қатар республика көлемінде де абыройы асқақ, беделі зор екендігіне оны Ақтөбе қаласына барып арулап жерлеуге қатысқан көптеген кісілер куә. Бізбен бірге ағамызды соңғы сапарға шығарып салуға тек Ақтөбе жұртшылығы ғана емес, Астана, Алматы, бүкіл батыс облыстарының жұртшылығы мемлекеттік орган басшылары, Парламент депутаттары, қызметкерлер, кәсіпкерлер, жалпы қарапайым халық көп жиналды. Қазіргі ҚР Президенті, Қасым-Жомарт Тоқаевтан бастап Президент Әкімшілігі, Мәжіліс, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура басшылары, тіпті Ресейдің Мемлекеттік Думасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Парламентаралық ассамблеясы басшылары қазаға байланысты көңіл айтып жеделхаттар жолдады.

Ағамызға Ақтөбе қаласында берілген садақа аста облыстық соттың Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Шалқар аудандық сотының бұрынғы төрағасы К.Жусупов Ирекеңнен ағайынды, досты сыйлауды үйренгендігін, оның жиі елден хабар алып тұратындығын, кейіннен Сыр еліне ертіп барып, қонақ қылғанын, оның көптеген ағайындарымен, достарымен танысқандығын еске алды.

Ирекеңнің тағы бір артықшылығы, есте сақтау қабілетінің ерекшелігі. Шежірені жақсы білетін. Арғы ата-бабаларымыздан тарайтын бұрынғы, қазіргі ұрпақтарды жатқа айтып, жіліктеп беретін. Бекше атамыздан тарайтын төрт атамыздың ұрпақтарын, түгелдеп, әулеттен кім қашан дүниеден өтті, оның балалары мен немерелерінің аттары, қайда жұмыс істейтіні, ұлының кімге үйленгені, қызының кімге күйеуге шыққанын, барлығын шатыспай айтып отыратын.

«Әркімнің туған жері өзіне Мысыр шаһары» дейді дана қазақ. «Ауылым алтын бесігім» дейтін аталы сөздер тағы бар. Қасиетті Сыр елінің киелі Жалағашының ырысты Қаракеткен топырағында

туып ер жеткен, елге келген сайын елдегі жасалып жатқан жақсы жаңалықтар мен игі істерге, Сыр елінен шыққан азаматтардың, белгілі қайраткерлердің жетістіктеріне қуанатын. «Сағынған ер елін аңсайды», «Ер қадірін ел білер, ер есімі ел есінде» демекші оны Сыр еліндегі ағайын, достары сағынышпен еске алып отырса, ол да ел-жұртын аңсайтын еді. Қызылордаға жиі келіп, жыл сайын Марал ишан, Қалжан ахун, Бұқарбай батыр, Беркімбай кәлпеге, әке-шешесінің басына арнайы малын сойып, құран оқытып, садақа үлестіретін. Ас-садақа, тойға қатысып, араласып, көмек жасаған адамдарға алғысын білдіріп, азық-түлік, ақшалай, басқа да көмек көрсетіп, риза қылып жіберетін.

Иә ол шынында жақсы заңгер, кәсіби судья, нағыз тәуелсіз депутат еді. Сот саласының ардагерлері мен басшыларының айтуы бойынша жаңарған егеменді еліміздің сот жүйесін онсыз көзге елестету мүмкін емес және саланың дамуына орасан зор үлес қосты, өсіп-өркендеуіне үлкен серпін әкелді. «Әрбір судья қолындағы кодексін Құранындай сыйласын, тірідегі абыройын, өлгендегі иманын ойласын», – дейтін қанатты сөздер Иран ағамызға тиесілі. Жоғарғы заң шығарушы орган Парламенттің Сенатында ел қамын ойлайтын, күрмеуі қиын мәселелердің шешімін таба білетін, білімді де білікті азамат сот саласында ұзақ жылдар абыройлы жемісті қызмет атқарды.

Кезінде жергілікті билік Иран ағамыздың облыстық сот ғимаратының ескі, сол кездегі талапқа сай келмеуіне байланысты басқа ғимарат қарастыру туралы талабын елеменгесін облыстық сот жұмысын қатаң түрде тоқтататынын жариялады. Мәселенің бақылаудан шығып күрделеніп бара жатқанын байқаған облыс басшылығы қазіргі облыстық сот орналасқан орталықтан жаңа ғимарат бөледі. Кезінде Ақтөбе облысын басқарған тәжірибесі аздау жаңа жас әкім сала басшылары мен кәсіпкерлерге тісін батыра бастағанда олар үшін Ирекең араға түсіп қорғап

қалғанымен, әкімнің назарын өзіне аударып, оның тарапынан Жоғарғы Сот басшылығының қызметіне көңілі толмайтындығы туралы шағымдар айтыла бастайды. Іске Жоғарғы Сот төрағасы араласып, Ақтөбеге келіп, кеше келген жас әкім түгілі өзінің Иран Әмірұлымен көптеген мәселелермен ақылдасатынын, оны сыйлап, құрметтеу керек екенін, мәселе шешімін таппаса Президент Әкімшілігі алдында көтеретінін мәлімдегесін әкім райынан қайтып, мәселе сот төрағасы пайдасына шешілген. Германия федеративтік Республикасының Ақтөбеге тәжірибе алмасуға келген федеральдық Жоғарғы Сот судьяларын таң қалдырған да Иран ағам-тұғын.

Иран ағамыз елге белгілі кісілерге қатысты өткізілетін шараларға қолдаушылық көрсетуде де көзге түсіп, жомарттығымен ерекшеленетін. Елге келгенде, ағайындардың жағдайын біледі, кімнің қандай қиыншылықтары бар екенін сұрастырады, мүмкіндігінше барлығына көмектесуге тырысады.

2009 жылы «Жалағаш ауданының 70-жылдық мерей тойын өткізу аясында оған аудандық әкімияттың шешімімен ауданның «Құрметті азаматы» атағы берілді. Иран ағамның бұл жетістіктері тегіннен тегін емес. Ол шынында да тектінің ұрпағы еді. Жоңғар-қалмақпен күрес кезіндегі Сыр елі қаһармандарының бірі белгілі би, батыр Жүзжасар бабамыздың Иран алтыншы, мен жетінші ұрпағымын. Ел арасындағы әңгімелерге қарағанда оның өз әкелері Әміре, Әмзе, атасы Мергенбай көзі ашық, ел арасында абыройлары бар, ағайын, досқа адал азаматтар болған екен.

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады екен. Ағамыздың жақсы оқушы, қатарының алды болып, қалыптасуына елеулі өз үлесін қосқан Сыр еліне белгілі ұстаз, партия кеңес органдарының қайраткері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Жадырасын Күзенов ағамыз-

бен көзі тірісінде өте жақын араласып, оның ұйымдастыруымен өткізілген сыныптастар кездесуіне де келген болатын.

Оның жақсылық істеген адамдары да жеткілікті. Маған 1980 жылдары қызыл-ордалық бір жігіт оның інісі екенімді біліп, өзінің Ақтөбеде түзеу жұмыстарына (ол кезде оларды «химик» дейтін) сотталып, сол жерде жазасын өтеу барысында жатақханаға келе жатып өлтірілген адам мәйітінің үстінен шығып, артынша милиция қызметкерлерінің оны ұстап алып, қамап, айып жариялап, істі сотқа жолдағанын, ал сотта Иран дәлелдердің жеткіліксіз болуына байланысты оны ақтап жібергенін айтқан болатын. Оның ешкімі жоқ, жетім жігіт екен. КСРО Социалистік Еңбек Ері, атақты күрішші Жадыра Таспамбетова да қиналған кезде Ирекеңнің көмектескенін айтып, «нағыз біртуар азамат», «нағыз бір сөзді жігіт» дейтін. Өнер адамдарына да біртабан жақын еді. Белгілі ақын, сазгер, әнші Елена Әбдіқалықовамен танысып, ағалы-қарындас болып жақсы араласты.

Оның әлде де бағындыратын белестері көп-тұғын. Ол Парламентке, сот жүйесіне әлі керек еді, құқықтану саласы оның адал қызметін, күш-жігерін аяғына дейін пайдалана алмады, ол бұдан да жоғары қызметтерді істеуге дайын еді. Елінің нағыз патриоты, жанашыры еді. Парламент Сенатының отырысында алыс шетел, оның ішінде Қытай Халық Республикасы азаматтарының Қазақстанда еңбек істеу, тұру, жанұя құру мәселесі, әйелдердің зейнетке шығу жасын көтеру туралы заң жобалары талқыланғанда қаһарына мініп, ашуланып сөйлеген сөздері әлі есімде (ютуб каналынан көруге болады). 2013 жылы 70-жылдық мерейтойы алдында Отан алдындағы еңбегі еленіп, Мемлекет басшысы Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды.

Шүкір артында жақсы сөздері, балалары, немерелері қалды. Достары, ағайындары құранға атын қосуда. Бану жеңгей, бала-шағалары, достары оны еске алатын

талай жақсы іс-шараларды атқаруда. 2019 жылы жергілікті билік арқылы өзі заңдастырып, облыстық сотты көшірген ғимарат қабырғасына оны еске алатын «Мемориалдық тақта» ілініп, «Бекзат тұлға, тура би» атты естеліктер жинағы жарық көрді. Естелік жинаққа Ресей мен елімізге белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері, республика және облыстық сот пен құқық қорғау органдары саласының басшылары мен ардагерлері, ағалары мен достарының лебіздері жарияланған. ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Ж.Асановтың «Елін сүйген қайраткер», ҚР Бас әскери прокуроры Д.Сартаевтың «Шын мәніндегі халық қалаулысы болды», академик Қ.Әбішевтың «Принципшіл, әділ азамат еді», ҚР Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы С.Ақылбайдың «Елін сүйген Ираған», Ақтөбе облысының бұрынғы әкімі, экс-сенатор Е.Сағындықовтың «Билердің бізге жеткен бейнесі», Парламенттің экс-сенаторлары Ю.Кубайчуктың «Был настоящим лидером», Л.Полторабатыконың «Высокопрофессиональный юрист», Еңбек және соғыс ардагері, қаржы ісінің үздігі, Қазақстанға еңбегі сіңген экономист, «Құрмет», 1,2-дәрежелі «Отан» ордендерінің иегері Б.Баймахановтың «Бабасы би болып еді», еңбек және соғыс ардагері, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерінің иегері К.Бердаулетовтың «Бала кезінен басқаша еді», әділет генерал-майоры Ә.Әділханның «Тағылымы мол тұлға», полиция генерал-майоры А.Федоровтың «Он остается в памяти земляков», Ақтөбеглавнонаб» АҚ төрағасы Б.Петуховтың «Человек чести» атты мақалалары енген.

Әсіресе, Өзбекстан Республикасының, Ресей Федерациясының бұрынғы Бас прокуроры О.Гайдановтың естеліктері өте әсерлі жарияланыпты. «Как молоды мы были, как верили в себя» атты Ресей прокуратура генералының мақаласында өзінің Иранмен 70-жылдардан бері дос екенін, әуелі өзінің комсомол хатшысы

ретінде облсоттың сол кездегі жас комсомолы Иранмен бірлесіп мекемелердегі комсомол жастардың құқықтық сауатын ашу үшін бірлесіп шаралар атқарғанын, кейін өзінің Ақтөбе қаласының прокуроры болып тағайындалғанда Иран Амировтың Ақтөбе қалалық сотының төрағасы лауазымын атқарғанда жанұяларымен тығыз араласқан. Бірде полицияда жоғары басшылық қызметін атқарған екі досымен бірге Иранмен қаз атуға барып, өзінің қасындағы жігіттермен кәсіби тәжірибелі үш аңшының бірде бірі қаз ата алмағанын, ал өзі аңшылықтан мүлдем хабарсыз, мақтанудан аулақ болған Иранның қаз атып алып, оны отқа өте дәмді қылып дайындағаны соншалықты өмірінде одан тәтті тамақ жемегенін әсерлі қылып көрсеткен. Иранның бойында басқа әртүрлі деңгейдегі бастықтарда бола бермейтін шыдамдылық, адамды тыңдай білетін қасиеті бар екенін де көрсеткен. Оның тағы бір жан досы, Ресей көркемөнерінің еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы, мәскеулік Рауль Мир-Хайдаров «Беседы с Сократом» атты мақаласында қимас досы туралы қызықты деректер келтірген.

Сонымен қатар, кітапта Иран Әмірұлының қойын кітапшасына жинақтап, жазып жүрген көне дәуір хикметтері, әлем даналары мен ойшылдарының халық қажетіне жарар қанатты сөздері, қандастарымыз туралы шетел ғұламаларының жазбалары, басқа да қазақ халқының асыл, қанатты сөздері жарияланған.

«Әдемі қарттық – бір бақыт» дейді халық сөзі. Тек Ирекең ағамыз осы әдемі қартаю бақытын, қызығын аяғына дейін көре алмады. Жасамаған жасын ұрпақтарына берсін, арты жақсылыққа жалғассын, өзі өлсе де оның жақсы сөздері өлмесін.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер және
Заңгерлер одағының мүшесі,
Қызылорда облыстық полиция
департаментінің бөлім басшысы,
полиция полковнигі

АР-НАМЫС ПЕН ІСКЕРЛІК БЕДЕЛ СОТПЕН ҚОРҒАЛАДЫ



Ернұр СМАИЛОВ,
Тараз қалалық сотының судьясы

«Малым-жанымның садақасы, жаным-арымның садақасы...» дейтін халқымыз үшін ар-намыс, абыройының орны бөлек. Сондықтан, арына дақ түсіп, абыройына нұқсан келіп жатқан жағдайда оны сот жүзінде қорғауға кез келген азаматқа мүмкіндік берілген.

Әсіресе, соңғы кездері әлеуметтік желінің дамып, ондағы жұртшылықтың желідегі белсенділігі артуына қарай олардың сөзге келіп, бір-бірінің намысына тию жағдайлары кездесіп жатады. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет желісі белсенді дамып тұрған кезде азаматтардың ар-намысы және қадір-қасиетіне, ұйымдардың іскерлік беделіне қысым жасалу қаупі бар екенін де жоққа шығара алмаймыз.

Ар-намысқа тию дегеніміз, азаматқа оның моральдік, іскерлік, отбасылық және өзге де қасиеттерінің негізінде қоғам тарапынан біреулердің баға беруі. Тұлғаның беделі және абыройы, сондай-ақ, күнделікті қолданылатын жақсы ат ұғымдарының мәні бір-біріне ұқсас. Ал, қадір-қасиет – адамның өз құн-

дылығын, өз қасиеттері мен қабілеттерін сезіну, яғни, тұлғаның өзін-өзі бағалауы. Егер де ар-намыс пен қадір-қасиет тек азаматқа қатысты ғана қолданылатын болса, іскерлік бедел термині азаматқа да, заңды тұлғаға да қолданылады.

Осы орайда Азаматтық кодекстің 143-бабында көрсетілгендей, егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратқан адам олардың шындыққа сәйкес келетіндігін дәлелдей алмаса, өзі жөнінде таратылған мағлұматтарды сот жүзінде шындыққа сай келмейді деп тануды талап етуге құқылы. Яғни, бұл тұрғыда елімізде арнайы заң қарастырылған. Мәліметтер жаман атқа қалдыратындай бол-

са кез келген адамның өз құқығын қорғауына еліміздің заңдары мүмкіндік береді. Мысалы, азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысын, абыройын немесе іскерлік беделділігін заңдардың, қоғамның моральдық нормаларының сақталуы тұрғысынан қоғамдық немесе жекелеген азаматтардың пікірінде көрініс тапса, бұл құқық бұзушылық болып табылады.

Талапкер тек өзін масқаралайтын мәліметтерді жауапкер таратқандығын ғана дәлелдеуі тиіс, осындайда ол өзінің ар-намысын және абыройын түсіретін мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтіндігі туралы дәлелдемелер келтіре алады. Егер де дәлелдемелер жеткіліксіз болса сот тараптарға қосымша дәлелдемелерді ұсынуға немесе оларды өз бастамасы бойынша сұратуға құқылы.

Қорғаудың арнайы нысандары дегеніміз – мәліметтерді теріске шығару немесе жауап қайтару. Ол осындай мәліметтердің таратылуына жол берген тұлғалардың кінәсінің бар немесе жоқтығына байланыссыз қолданылады. Ар-намысты, абыройды немесе іскерлік беделдікті қорғау үшін қорғаудың арнайы әдістермен қоса жалпы әдістерін де пайдалану мүмкіндігі бар.

Атап айтсақ, олар – залалдарды өтеу және моралды зиян үшін өтемақы төлеу. Ар-намысты, абыройды немесе іскерлік беделді бұзу нәтижесінде туындаған мүлдіктік және мүлдіктік емес зиян келтіруден туындайтын міндеттемелерді реттейтін нормаларға сай өтеледі. Моральдік зиян кінә орын алғандығына не болмағандығына байланыссыз өтелуі тиіс.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің мәліметтеріне сәйкес, соңғы жылдары еліміздің соттарында ар-намысын, абыройын немесе іскерлік беделділігін қорғау туралы істердің қатары арта түскен. Демек, халқымыздың құқықтық сауаты да артып келеді деп айтуға негіз бар. Мұндай істерде бітімгершілік келісім де жасалып жатады. Статистикалық мәліметтер азаматтар мен заңды тұлғалар өзінің қорғау құқығын белсенді түрде пайдаланатындығын көрсетуде. Тиісінше, Қазақстан Республикасында ар-намысты, абыройды немесе іскерлік беделділікті сот жүзінде қорғау институты тиімді қызмет етуде.

Әлеуметтік желіде «ерігіп» отырғандар ойланбай жазған бір сөзі үшін өмір бойы опық жеуі мүмкін. Өйткені, көпшілік алдын-

да біреудің тарапына айтылған бір ауыз сөзі үшін елімізде жазаланып жатқандар да жетерлік. Елімізде тек 2021 жылы ғана желіде 140 мыңға жуық заң бұзу деректері кездескен. Оның ішінде біреуге жала жауып, ар-намысына тиюден бөлек, жалған ақпарат тарату, кибербуллинг, экстремизм деректері де бар. Ар-намысқа және абыройға кір келтіретін мәліметтер шындыққа жатпайтыны анықталған жағдайда, мәліметтердің таратылуына кінәсі болмаса да, оларды теріске шығару міндеті жауапкерге жүктеледі.

Сот барысында әрбір сөзге арнайы лингвистикалық сараптама тағайындалады. Ол заң және құқық саласында қолданылатын, қылмысты, құқық бұзушылықты тілдік жағынан болған не болмағанын растайтын, сотта үкім шығаруға пайдаланылатын құзыретті дәйектеме. Лингвистикалық сараптаманың нәтижесі – тергеу кезінде алынған қорытынды, ол фактімен тең тұрады, сот үкіміне әсер етеді.

Әсіресе, соңғы кездері ақпарат пен әлеуметтік желі дамыған дәуірде заң мен құқықтық тұрғыда тілдік сараптама жасай алатын мамандардың маңыздылығы сезіліп отыр. Филологиялық сараптама негізінен – қорлау, қоқан-лоқы көрсету, дөрекілік таныту, жазғыру, жала жабу, іскерлік бедел мен абыройға кір келтіру фактілерін анықтау; экстремисттік, ұлтараздық ниеттегі мәтіндерді табу; мемлекеттік мекемелер мен билік тұлғаларына тіл тигізу фактілерін дәлелдеуді қарастырады. Бір сөзбен айтқанда, тілдік сараптама сөйлеу мен сөз, жазылым кезінде орын алған заңға қайшы, қылмысқа итермелейтін, құқықбұзушылық деректер мен мәліметтерді анықтайды. Сол арқылы нақты азаматтың ар-намысына қаншалықты нұқсан келтірілгенін тексереді.

Азаматтың ар-намысына немесе қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәлімдеме кәметке толмаған немесе заң жүзінде қабілеті жоқ деп танылғандар жөнінде таратылған болса, олардың заңды өкілдері ар-намысты және абыройды қорғау жөнінде талап қоюға құқықты (мысалы, патронат, қамқоршы, тәрбиеші) немесе прокурор.

Талапкер талап-арызында көрсеткен жауапкердің өзі жөнінде жалған мәліметті таратқанын ғана дәлелдеуге міндетті. Сонымен қатар, ол ар-намысына және абыройға кір келтіретін мәлімдеменің жалған екендігін анықтайтын дәлелдер келтіруге құқылы.

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАУАПТЫ



Дамир ШАХАНОВ,
Алматы облыстық атқарушылық
округінің жеке сот орындаушысы

Жеке сот орындаушылар институтының қызметінен жұртшылық толық хабардар. Бұл жаңа институттың тәжірибеге енгізілуі сот актілерінің дер кезінде жедел орындалуына айтарлықтай әсерін тигізді. Сол арқылы азаматтардың сот жүйесіне, мемлекеттік құрылымдар қызметіне деген сенімі нығайды.

Негізі сот шешімдерін орындаушылар мемлекеттік және жеке сот орындаушылары болып екіге бөлінеді. Мемлекеттік сот орындаушылар тікелей Әділет департаментінің құзырында жұмыс істейді. Олар өз ауданы аумағынан аспай, соттар шығарған шешімдерді мемлекеттік мекемелерден өндіреді және тәркілеу міндетін жүзеге асырады. Мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының сот шешімдерін орындап, өндірудегі мерзімі бірдей.

Жеке сот орындаушылардың республикалық палатасы жасаған жарғының 2-бабында көрсетілгендей, біздің жұмысымыз

Қазақстан Республикасы Конституциясын, «Атқарушылық өндіріс және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңға сәйкес жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, еліміздің Салық кодексінде қосымша басымдықтар жазылған.

Сот орындау саласындағы біздің жұмысымызды жүйелеп, бағытымызды айқындап, қызметіміздегі кемшіліктерді бақылап отыратын басты құрылым – Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы. Ал Әділет министрлігі жеке сот орындаушы-

лар институтының өкілетті органы болып табылады.

Халықпен етене жұмыс істеп, тікелей қарым-қатынас жасайтын болғандықтан жеке сот орындаушы болудан үміткер жандарға қойылатын талап та айтарлықтай жоғары. Мұндай лауазымға орналасу үшін үміткерлер заңнамаға сәйкес екі кезеңнен тұратын сынақтан өтеді. Ол компьютерлік тестілеуден және әңгімелесуден тұрады. Бұл кезеңдерде өзінің біліктілігі мен білімінің талап сай екенін дәлелдеген жандарға Жеке сот орындаушы ретінде лицензия беріледі.

Сот орындау өндірісімен айналысатын әрбір қызметкер жұмысын ашық, жұртшылықтың көз алдында жүзеге асырады. Әрбір жеке сот орындаушының байланыс номері, орналасқан жері ашық дереккөздерде нақты көрсетілген.

Біздің басты тұтынушымыз – халық. Дегенмен, әрбір адамның көңілінен шығу, ойындағысын дәл табу оңай емес. Соған қарамастан жеке сот орындаушылары әдептен аттамай, азаматтармен жылы қарым-қатынас орнатып, сыпайы қызмет көрсетуі бұлжымас міндет. Өзінің құқығын қорғап, қаншама әуре-сарсаңнан кейін сот шешімі қолына тиген азаматтардың көңіл-күйдің жетегінде кететінін, эмоцияға беріліп, мінез көрсететінін жиі байқап жүрміз. Ондайда әрбір жеке сот орындаушысы жағдайға түсіністікпен қарап, өз міндетін жоғары деңгейде орындау арқылы ғана азаматтар көңілінен шығатынын түсінуі керек.

Қызмет барысында әрбір жеке сот орындаушысының тірек етер негізгі құжаты – Ар-намыс кодексі. Бұл кодекс жеке сот орындаушыларының төл міндетін мінсіз атқаруына жол ашумен бірге, қызметтік этиканы сақтап, тараптарға ілтипат таныта отырып, мәдени жақсы қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді.

Жеке сот орындаушылары жұмысының артықшылығы аз емес. Солардың бірі олардың жұмыс істеу шеңберіне байланысты. Мәселен, мемлекеттік сот орындаушылар өзі қызмет ететін ауданның құжаттарын орындаумен шектелсе, жеке сот орындаушысы бір қала, ауданмен шектелмей, облыс аумағын-

да жұмыс істей алады. Қазіргі кезде жеке сот орындаушылардың өндірісіне түсетін істер мазмұны әртүрлі. Соның ішінде мемлекеттің пайдасына шығарылған шешімдерді іс-жүзіне асыру өндірісін орындаумен қатар, тұрғын үйден көшіру, заңсыз тұрғызылған тұрғын үй, сарай, қоршауларды жою, ата-аналық құқығынан айырылған тұлғалардан сәбиді балалар үйіне немесе заңды өкіліне беру, заңсыз жұмысынан шығарылған тұлғаларды жұмысына қайта орналастыру, алимент, қарыз өндіру секілді мүлдіктік емес өндірістер. Бұған қоса, нотариустардың атқару жазбаларын да жеке сот орындаушылар орындайды. Жеке сот орындаушыларға түскен өндіріс құжаттарының басым бөлігін алимент қарызы құрайды.

Алимент төлеу – ардың ісі. Алимент – бала алдындағы әке жауаптылығын орындаудың қаржылық қыры ғана. Өкінішке орай, өз балаларына тиесілі нәпақаны уақытында төлеуден жалтаратын азаматтар қатары жыл өткен сайын көбеймесе, азаймай отыр. Ажырасқаннан кейін әкелер онсыз да ұл-қызының қуанышында қасында болып, қиналғанда жанында демеу бола алмайды. Ал бабаларымыз «Жүз мектеп бере алмайтын білімді бір әке береді» дегенді тегін айтпаған. Баланы әкелік мейірімінен, қолдауынан айырғаны аздай, нәпақасына бөлінген ақшаны төлегісі келмейтін әкелердің азаматтығына кейде шүбә келтіресің. Ұл-қызына алимент төлемеу үшін мекен-жайын жасырып, табысын көрсетпей, мүлкін өзгелердің атына тіркейтін азаматтар баршылық. Осындай жандардан алимент өндірудің өзі оңай емес.

Дегенмен, жеке сот орындаушылары ана мен баланың құқығын қорғап, алиментке байланысты берешектерді бірінші кезекте орындауға басымдық береді. Ол үшін банк карталарына тыйым салып, көліктерін айыптұраққа қою секілді пәрменді шараларды қолға алуға тура келеді. Тек содан кейін ғана азаматтар қарызы барын есіне алып, берешегін қайтарып жатады. Жылдар бойы қордаланған алименттері қолына тиіп, алғысын айтқан аналар мен балалардың жылы лебізін есту біз үшін үлкен мәртебе.

Омаралы ӘДІЛБЕКҰЛЫ,

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қаласы филиалының төрағасы:

«КӨШІ-ҚОН ҚҰЖАТТАРЫН БИЗНЕС КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРМАҒАН АБЗАЛ»

– Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайының өткеніне биыл 30 жыл толды. Бұл мерейтойды қауымдастық қалай атап өткелі отыр?

– Бұл шараға орай жеке өзім биыл Алматы филиалының атынан Шалқар радиосында 2 рет сұхбат бердім. Жақында Жамбыл атындағы филармонияда есімі Қытайда да, Қазақстанда да танымал Күлмән Шүленбайқызы деген апамыздың кеші болады.

Пандемияға байланысты соңғы жылдары кейінге ысырыла берген бұл кеш құрылтайдың 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Одан кейін танымал адамдар мен кәсіпкерлердің көмегімен Алматыда үлкен бір мерекелік концерт өткізбекпіз. Ол Республика сарайында не Алатау дәстүрлі өнер театрында болады. Мерейтойдың Алматыдағы басты шарасы болатын бұл концерт қараша айына жоспарланып отыр.

– Осыдан 11 жыл бұрын қабылданған «Халықтың көші-қоны тура-



лы» заңдағы Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстанның шетелдегі өзге де мекемелерінің құзыреті туралы 10-баптың орындалуына қатыс-

ты шетелдегі қандастар тарапынан сын-ескертпелер барын естідік. Сынның төркініне үңіліп көрдіңіз бе?

– Кейбір журналистер ресми ақпаратқа көп мән бере бермейді. Қазір халықтың көбі ютубта, инстаграмда отырады. Қазақстан ұлттық арнасы, Хабар және тағы басқа да телеарналардағы ақпаратты көп көре бермейді.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы басшылығының өтінішімен Қостанайда, Қарағандыда, Петропавлда және басқа қалаларда қандастар қоныстанатын арнаулы жерлер бөлінді. Онда қандастардың шағын қалашықтары тұрғызылмақшы.

– Мен бұл жерде Қазақстанның көші-қон саясатымен шетелдегі қазақтарды таныстырып, олардың талап-тілектерін орындаудағы Сыртқы істер министрлігі мен шетелдегі өзге де ресми мекемелердің өз құзыретін жүзеге асыруына қатысты диаспора өкілдерінің арыз-шағымы туралы білгім келеді...

– 2017 жылдан бастап Отандастар қорының жанында 1404 деген сенім телефоны жұмыс істейді. Ол телефонға кез келген жерден ақы төлемей хабарласа аласыз. Мен өзім күніне 10-15 телефон қоңырауын қабылдап, онда айтылған өтініштер мен ұсыныстарды құзырлы орындарға жолдап отырамын.

– Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы қаншалықты орындалып отыр?

– 2017 жылы V құрылтайдан кейін еліміздің көші-қон бағыты өзгерді. Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына солтүстіктегі бес, батыстағы екі облыс кіреді. Ол осында көшіп келетіндерге бөлінеді. Осы жерде өз ойымды айта кетейін. Қазір көші-қон науқанға айналып кетті. Көшіп барып, квота алған соң барған жерінен қайтадан қайтып кететіндер бар. Квотамен келген қандастар мен қоныс

аударушылардың отбасындағы әрбір адам басына 200 мың теңгеден қаржы беріледі. Өкінішке қарай, олардың кейбірі онда 2 жыл тұрған соң алдымен бала-шағасын осында жіберіп, артынан өздері де келіп алады.

– Қазір әлеуметтік желіде қандастар 5 жыл тұрмаса, Қазақстанның азаматтығын бермейді деген әңгіме қозғалып жүр. Бұл өзі қайдан шығып отыр?

– 2021 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Көші-қон саясатының 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын» әзірлеген еді. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей осы тұжырымдама әлі күнге дейін жұртшылық арасында дау болып келе жатыр. Тұжырымдаманы жасағандар квотамен келген қандастарды өңірлерге қоныстандыру үшін 5 жылдай уақыт керек деп мөлшерлеп, азаматтықты 5 жылдан кейін береміз деген кезде, бұл солтүстік облыстарға қаратылған деп түсіндіру керек еді. Өйткені, әлі күнге дейін басқа жерге өз бетімен көшіп келген қандастар азаматтықты да, ықтияр хатты да еш кедергісіз алып жатыр.

Бізде үлкен саясатта кедергілер жоқ. Бірақ атқарылу барысында, түсіндіру кезінде, одан кейін кей адамдардың «отқа май құюы» әсерінен түсінбеушілік туып отыр.

Мәселен, елімізде қай қазақты шекарадан шығарып жіберіпті? Ондайды өзіңіз көрдіңіз бе? Тек шекара бұзып өткен 3-4 азамат бар. Оның жағдайын білесіз. Түрлі әңгімелер тарап жатыр. Оларды да «Қазақстанға сен заңсыз келдің» деп Қытайға қайтарып берген жоқ. Абайдың керемет өлеңі бар ғой «Байда мейір, кедейде пейіл де жоқ. Аңдыстырған екеуін құдайым-ай» деген. Бізде қазір осы жағдай боп тұр. Біздің билік те шала сауатты әрекеттерді көп істейді. Мысалы, бір министр ауысса, оның командасы да өзгереді. Өкініштісі, ешкім ештеңеге жауап бермейді. Қызметке жаңадан келгендер еш ойланбастан ойына келген құжаттарды шығарып, тарата бастайды. Биліктің біздегі ең осал жері осы.

Жасыратыны жоқ, бізде қай сала болмасын кәсібилік жетіспейтініне жиі куә боламыз. Идея жақсы болғанымен, оның жобасын, тұжырымдамасын барлық уақытта бірдей кәсіби адамдар жасамайды. Өз ісін жетік білмейтіндер құзырлы органдарда әлі жеткілікті. 2009 жылғы жалпы санақта қазақтың жан саны 70 пайызға жуықтады деген ақпарат тараған соң, жалпы қазақ көшіне қарсы ақпараттық соғыс жарияланып, қасақана кедергілер көбейді. Аяғы «көші-қон парағынан шығу, соттылығы жоғын дәлелдеу анықтамасы» деген құжаттар айналысқа түсіп, Қытайдан, Ираннан келген қандастарымыз азаматтық ала алмай сарсаңға түскені ұмыт болған жоқ. Сондықтан қандастарымыздың алаңдауын түсінуге болады. Оны біздегі кейбір популистер өз мақсатына пайдаланып жүр. Өйткені, көші-қонмен айналысып, оның соңында жүріп байыған жігіттер бар. Олар квота, шақырту, виза сияқты құжаттарды жасап жүріп, осы істі табыстың бір көзіне айналдырып алды. Сондықтан көші-қон деген олар үшін жақсы тақырып болды. Өз танымалдығын одан ары арттыру үшін «5 жылға дейін азаматтық бермейді екен» дегенді де солар елге жанашыр боп көрініп, қалталарын толтыру мақсатында айтып жүр.

– Қытай қазақтарына қатысты қордаланған мәселе қаншалықты өз шешімін тапты?

– Жақында жазған бір мақаламда көші-қон деген ұзаққа созылатын, нәзік әрі күрделі процесс. Оны жүзеге асыру ең алдымен көршілерімізге байланысты деп жазған едім. Өйткені, Қытай үкіметі Шыңжаң өлкесіндегі барлық қазақтың паспортын жинап алды. Оған біз не айта аламыз? БҰҰ жарғысында ешбір елдің ішкі саясатына араласпауға қол қойғанбыз. Бірақ бөлініп-жарылған отбасылардың қалаған елге барып тұруға құқысы бар деген Вена, Хельсинг келісімдері бар. Оған Қазақстан да, Қытай да қол қойған. Заңмен қорғалған бұл жұмыстарды кім істейді?

Қауымдастық пен «Отандастар» қоры си-

яқты қоғамдық ұйымдар. Олар қордаланған мәселелерді құзырлы ұйымдарға хат жазып жеткізеді. Ал Сыртқы істер министрлігі сияқты ресми органдар ресми консулдық кездесулерде осы мәселелерді ортаға қоя алғанымен, ашық қарсы шыға алмайды. Қазір Қытаймен маусым сайын консулдық кездесу болады. Бұрын біз өзіміздің барлық арыз-шағымдарымызды Президент Әкімшілігіне жазатынбыз. Қазір Сыртқы істер министрлігіне жазамыз. Олар біздің жіберген хаттарымызды қытайлық әріптестерімен бір үстел басында талқылап, ол әр тараптан хаттамаға алынады.

– Көші-қонға қатысты Қытаймен арада қазіргі таңда шешілмеген қандай нақты мәселелер бар?

– Қазір екі ел арасында шешілмей отырған ең негізгі мәселе – диплом мен неке куәлігін растауға қатысты орын алып отыр. Өйткені, жалған диплом, жалған неке куәлігі шыға бастады. Мысалы, дипломды растау білім министрліктері тарапынан жасалады. Министрліктегі департамент оның нотариустан өткен көшірмесін қабылдап алып, өз мөрін қойып растайды. Одан кейін барып Қытай СІМ-нің консулдық департаменті немесе Қытайдың Қазақстандағы елшілігі мен консулдығы растау мөрін қояды. Ал неке куәлігі осындай жүйеге түспей отыр. Оны нотариустан өткізген соң растау керек. Алматыдағы Сыртқы істер министрлігінің консулдық департаменті мен Қытайдың Алматыдағы консулы өз мөрлерін басқан соң ғана құжат расталып, базаға кіреді. Осыған байланысты енді сенімхат, туу туралы куәлігі сияқты құжаттарды да растау қажет деген қауесет шықты. Қытайдағы жерін сатам дегендерге оны растау керек дейтіндер табылып жатыр. Екі елдің әділет министрліктерінің өзара келісімі бойынша жылжитын және жылжымайтын мүліктерді сату туралы келісімшарттар, өсиеттерге, кәмелетке толмаған балаларға байланысты сенім хаттарды нотариустан өткен соң растаудың қажеті жоқ делінген, соған қа-

рамастан кей орындар осы құжаттарды талап етіп отыр.

– Қандастарды ақпараттық қолдау орталығының жұмысы туралы да аз-кем мағлұмат бере кетсеңіз?

– Отандастар қорының сайтында «Қалай ықтиярхат аласыз? Қалай тіркелесіз? Қазақстанға қалай келесіз? Қалай виза аласыз?» деген сияқты көші-қонға қатысты барлық сауал бойынша ақпарат топтастырылған. Мысалы, 2019 жылдан кейін қандастарға 3 жылға виза берілетін болды. Бұл үшін Қытай, Ресей, Түркия, Иран сияқты қазақтар көп келетін елдердегі дипломатиялық органдарда арнаулы бір қызметкер қандастар ісімен айналысады. Олар диаспора өкілдерінің хатын, өтінішін қабылдап алып, қандас куәлігін береді. Ол қолына тиген соң қандастарымыздың Қазақстанда үй сатып алуына, қызметке тұруына жол ашылады. Кеше маған Ираннан келген бір қыз хабарласты. 3 жылға виза алып, былтыр Қазақстанға келген. Биыл Алматыдағы қазақтың Спорт және туризм академиясына оқуға түсіпті. Алайда жоғары оқу орнының сыртқы байланыстар бөлімінің бастығы «Визаның категориясы келмейді. Сенікі оқушы емес, қандас визасы екен. Бұл бізге жарамайды, өзгерт» депті.

Мен ол кісіге жағдайды түсіндірмек болып едім, түсінгісі келмеді. Сосын бұл қандасымызбен кеше құзырлы органға бірге барып, ондағылармен ақылдаспақ болғанбыз. Алайда бізден бұрын онда академияның кадр басшысы барған екен. Олар визаны ұзартуға болмайды, осымен жүре берсін депті. Сосын ғана бұл мәселе шешілгендей болып отыр.

Сол қандасымыз Ираннан алған дипломын растату үшін Халық банкіне төлеген ақшасын қабылдамай қойғанын айтты. Өйткені, Иран санкцияға ілінген дейді-мыс. Міне осылай орта буын қызметкерлер өз жұмысын дұрыс білмейді, сондықтан қолдан жасалған кедергілер көбейеді.

– Украинаға әскері басып кірген соң әлемдік қауымдастық тарапынан

салынған саяси және экономикалық санкцияның астында қалған Ресейдегі жағдай қазір күрделі. Мұндай ахуалдан соң ондағы қазақтардың Қазақстанға оралуы жеделдейтін шығар деп күткен едік. Алайда, әзірге ондай үрдіс байқалмайды. Бұл неліктен деп ойлайсыз?

– Енді Ресей басшысының жартылай мобилизация туралы жарлығынан кейін бұл елден қашқандар көбейе бастады. Осыған қарамастан ондағы қазақтардың Қазақстанға оралатын ойы жоқ екенін байқап отырмыз. Өйткені, Ресейде Қытайдағыдай қысым жоқ. Ондағы қазақтардың да менталитеті басқашалау. Бұл елде тұратын қазақтардың зиялылары арасында Қазақстанға бастап келетін көшбасшы жоқ. Онда сонымен қатар бізге қарағанда еңбек-ақы мен зейнетақы көлемі біршама жоғары. Бұл да көштің қозғалмауына өз әсерін тигізуі мүмкін.

– Қазақстанда тек Қытай қазақтары ғана емес, өзге де елдерден келіп азаматтық ала алмай жүрген қандастар аз емес. Бұл неліктен деп ойлайсыз?

– Көші-қонға қатысты құжаттарды жасау кейбіреулер үшін бизнестің көзі болып кетті. Мысалы, Алматы, Жетісу облыстарында полициямен біріккен делдалдар тобы бар. Олар осы жұмысты монополиялап алған. Олардың нотариуста, полицияда, халықты жұмыспен қамту орталығында өз адамдары бар. Бұлар тіпті, жалған құжаттар да жасаған. Былтыр Алматы облысының Қарасай ауданында қоғамдық ұйымның бір жауаптысы ұсталды. Қытайдан келген бұл азамат қандастарымызға көп балалы ана куәлігін, туу куәлігін жасаумен айналысқан.

Сол сияқты 2021 жылдың қаңтарында маған бір адам хабарласып көмек сұрады. Қазақ-қытай колледжіне мұғалімдікке жұмысқа тұрған бір қыздың азаматтыққа құжат тапсырғанына 11 ай бопты. Сосын бұл іс бойынша Алматы облысындағы құзырлы органның басшысына хабарластым. Ол «бұл

қыздың Қазақстан паспорты шығып дайын тұр. Неге барып алмайды?» деді. Ана қыз қайта барса, онда өзі сияқты 80-дей адамның паспорты дайын екен. Оған дейін олар қанша рет барса да, әлі келген жоқ деп ондағылар қайтарып жіберіп отырған. Сыртқа шықса өріп жүрген делдалдар. «Не мәселемен жүрсің, ақшасын берсең біз тездетіп дайындап береміз» деп лыпылдап тұрады. Негізінде азаматтық 3 айда беріледі ғой. Ал қоғамдық ұйымдардағы кейбір пысықтардың 30 мың теңге берсең 2 аптада шығарып берем дейтінін естіп жатырмыз. Бұл құқық бұзушылыққа заңды түрде тыйым керек.

Қазір департамент басшылары ауысқан соң, осы заңсыз іспен табыс тауып жүрген біраз адам аяғын тыйды. Алдағы уақытта мұндай топтардың қызметіне мүлде сұраныс болмайтын шығар деп үміттенемін.

– Соңғы жылдары шетелдегі қазақтың санына қатысты Үкімет пен Парламент төрінде түрлі сандар айтылып жүр. Олардың нақты саны анықталды ма?

– Біреу 7-8 млн дейді. Біреу 5 млн дейді. Бірақ әлі де нақты санын айту қиын. Мысалы, Қытайда ресми есепте 1,7 млн қазақ бар. Оны кейбіреулер одан әлдеқайда өсіріп айттып жүр. Мұндай жағдай Ресей мен Моңғолиядағы қазақтарға да қатысты. Өз басым сырттағы қазақтың саны 5 млн шамасында шығар деп ойлаймын.

– Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қаласы филиалының төрағасы болып тағайындалғаныңызға да біршама уақыт өтіпті. Осы аралықта жеке өзіңіз атқарған шаруаларды атап бере аласыз ба?

– 8 адамның паспортын алуға көмектестім. Айт мерекесі кезінде бұрын Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында қызмет істеген және бірқатар жанашыр зиялы азамат-

тардың басын қосып, өз есебімнен ауызашар бердім. Алматы қалалық ішкі саясат департаментінің, әл-ауқат, екі ел арасындағы мәдени, экономикалық байланыстар жөнінде, әсіресе, Қытайдан келген қандастардың жағдайы туралы ашық әңгіме өткіздік. Мұндағы басты мақсатымыз қандастар мәселесінің үйлесім табуы, қиыншылықтарының шешілуі болып табылады.

– Осы салада көптен бері қызмет атқарып жүрген қоғам белсендісі ретінде еліміздегі көші-қонды реттеуге қатысты өз ұсынысыңызды айтсаңыз?

– Көші-қон қызметін тиімді бір жүйеге түсіріп, реттеудің алғашқы белгісі бас-талды. Барлық жұмысқа ашықтық, әділдік, кәсібилік керек. Сонда ғана жемқорлықтың алдын ала аламыз. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде көп жұмыс жүріп жатыр. 2-3 жыл бұрын халыққа қызмет көрсету орталықтарында базаның өшіп қалуы жиі кездесетін. Сол кезде оны күтіп отырғандарға жылтындап біреулер келіп «маған ақша берсеңіз, мәселеңізді тез шешіп берем» дейтін жағдайлар болып тұратын. Енді базаның жұмысын қамтамасыз ету үшін тендерді ұтып алған компанияға ол өшіп қалған жағдайда айыппұл салынатын болды. Соның нәтижесінде бұрынғы кемшіліктердің бәрі біртіндеп жойылды.

Жасыратыны жоқ, бізде әлі де көп адам өз құқын білмейді. Сондықтан жер-жерде қандастарды бейімдеу орталықтарын ашу керек. Бұл өз құқын білмегендіктен алаяқтардың арбауына түсетін қандастарымыздың санын толық болмаса да, айтарлықтай көлемде азайтуға түрткі болары анық.

– Сұхбатыңызға рақмет.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІ



Нұрбол СЕИЛОВ,
Алматы қалалық
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

Жаңа Қазақстан құруға бет алған еліміздің сот жүйесі жаңа кезеңге аяқ басты. Бұл жолдағы тың реформалар ең алдымен азаматтар құқығын мінсіз қорғау, сала жұмысына білікті мамандарды жұмылдыру, соттың тәуелсіздігін нығайту, озық технологиялар мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, қолжетімділікті арттыру, бюрократияны азайту, сол арқылы халықтың сеніміне ие болу мақсатын көздейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы судьяларының VIII съезінде судьяларға кәсіби біліктілікті тұрақты түрде жетілдіруді, сондай-ақ, адам құқықтары мен бостандықтарын басты назарда ұстауды міндеттеген болатын. Соңғы жылдары судьялар мен судьялыққа үміткерлерге қойылар талаптар халықаралық тәжірибеге сай үздіксіз күшейтілуде. Жүйедегі қағазбастылық шектеліп, сала жұмысының барынша оңтайландырылып жатқанына ел куә. Даудамайды шешуде бітімгершілік тетіктері жанжақты іске қосылды.

Бүгінде сот өндірісі электронды жүйеге толықтай көшіріліп, бірыңғай сот практикасы

жолға қойылды, сондай-ақ, саладағы басы артық рәсімдер жойылды. Осы тұрғыда сот актілерінің жаңа параметрлері енгізіліп, жаңа типтік нысан бекітілді. Судьяның электронды түрде рәсімдеген шешімі IT бағдарламада көрінуі өзі шығарған әрбір сот актісінің сапасына жауапкершілікпен қарауына ықпал етті. Электронды сот өндірісі халықтың сотпен байланысын анағұрлым жеңілдеткенін айтқан жөн.

Саладағы тың реформалар соттың заңдық базасын нық қалыптастырды. Қылмыстық, Қылмыстық процестік, Қылмыстық атқару, Азаматтық, Азаматтық іс жүргізу кодекстері жаңартылып, ел тарихында бұрын-соңды болмаған ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі

(ӘРПК) қабылданды. Соған орай, елімізде мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылды. Жаңа соттар мемаппараттың азаматтармен жұмыс істеу жүйесін жандандырды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтардың ауқымды бөлігі мен жария-құқықтық даулардың ӘРПК-мен реттелуі ізгілік пен әділдікке жол ашты. Осы себепті, елімізде әкімшілік әділеттің қолданылу аясы одан әрі кеңейтіледі. Жаңартылған заңнамалық база сотты қорғау өрісін кеңейтіп қана қоймай, ел тұрғындарының сот төрелігіне көзқарасын оңалтып, конституциялық құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттарға сай қорғалуын жақсартта түсті.

Сотқа қолжетімділікті қамтамасыз етуде «Сот кабинеті» сервисінің орны бөлек. Бүгінде «Судьяның интеллектуалды көмекшісі», «Сандық сот сараптамасы», «Сот өндірісін роботтандыру», «Жасанды интеллект» сынды қызметтер сала жұмысына қарқынды түрде енгізіліп жатыр. Мысалы, жасанды интеллекті процеске қатысушылардың құқығын сапалы қорғау мен сот тәжірибесін біріздендіруді қамтамасыз етеді. Аталған жаңашылдықтарды азаматтардың конституциялық құқықтарын әділ қорғау жолындағы игі бастама деуге толық негіз бар.

Бұған қоса соттарда күрделі істерді сапалы қарауға заңмен мүмкіндік жасалды. Яғни, азаматтық және әкімшілік істерде аумақаралық соттылық енгізілді. Енді талап арыздар кездейсоқ таңдау арқылы елдегі барлық соттың арасында судьяның мамандануына қарай бөлінеді. Бұл жаңашылдық пен талаптар өз кезегінде сот жүйесінің одан әрі даму ауқымын арттырады.

Биылғы жылдың сот қызметкерлері үшін жаңалығы мол деуге толық негіз бар. Мысалы, Конституция бүкілхалықтық референдум негізінде түзетіліп, Конституциялық сот құрылды. Конституциялық сотты заң үстемдігін қамтамасыз етудегі ең ірі өзгеріске санауға болады. Бұған қоса Қазақстандағы мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізіліп, 24 маусым – «Сот және сот қызметкерлерінің күні» ретінде белгіленді. Сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделі енгізілді.

Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында судьяларды іріктеу процесін жаңартып, олардың мәртебесін теңестіруде нақты ұсыныстар жасады. Соған орай, соттар мен судьялардың мәртебесіне қатысты бірқатар заң жобалары мақұлданып, қолданыстағы заңдарға түзетулер енгізілді. «Сот ісіне мықты корпоративтік заңгерлер мен адвокаттардың тартылуы, әсіресе, өңірлерде инвесторлар мен бизнесмендердің

мүдделерін сапалы қорғауды қамтамасыз етеді», – деген Мемлекет басшысы судьялар корпусын жаңарту жұмысын белсенді жүргізу міндетін қойды.

Осы тұрғыда қолға алынатын істерге тоқталып өтсек, келер жылдан бастап Алқабилер институты кеңейтіледі. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Жоғарғы Сот төрағасы мен судьяларына қойылатын талаптар өзгертіліп, олардан біліктілік емтиханы алып тасталады. Күштік құрылымдардың сотқа ықпалын болдырмау үшін судьялардың қызметіне араластындар жауапкершілігі барынша арттырылады. Судья тарапынан жіберілген өрескел қателік пен күшін жойған әрбір сот актісі Қазылар алқасының қатаң тексеруінен өтеді. Осылайша, сот төрелігін атқару сапасын жақсартуда судьяларды бағалау мен жауапкершілікке тарту тетіктері түбегейлі жаңартылады. Апелляция институты да өзгерістерден шет қалмайды. Бұдан былай апелляциялық саты соты өзіне түскен істерді бірінші сатыдағы сотқа қайтармай, нақты мән-маңызы бойынша шешім қабылдайды.

Алдағы уақытта жүзеге асырылатын ауқымды істер қатарында сот алымдарын қайта қарастыру, мемлекеттің сотқа қатысуын азайту, сот төрелігін атқару ісін біріздендіру, интеллектуалды жүйені толық енгізу сынды ауқымды шаралар бар. Мысалы, бизнес өкілдерінің пікірін ескерген Мемлекет басшысы талап-арызда көрсетілген сомадан алынатын пайыз мөлшерін кеміту арқылы мүлік даулары бойынша алымды ойға қонымды деңгейде жоғарылату жағын қарастыруды ұсынды.

Президенттің сот саласына қатысты бастамалары сотқа ықпал етуге әрекет ететін күштік құрылымдардың жолын кесіп, судьялардың өз қызметін алаңсыз, адал атқаруына мүмкіндіктер тудырады. Сот төрелігінің сапасы, оның әділдігі мен ашықтығы – кез келген мемлекеттің демократиялық дамуының басты факторы десек, сот жүйесін модернизациялау мен заманауи тетіктерді пайдалану оның барлық деңгейінде өзекті болып қала береді.

Халықтың сотқа деген сенімінің нық қалыптасуы олардың заң үстемдігі мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Сондықтан, сот әділдігі, судьялардың тәуелсіздігі, кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі реформалар үздіксіз жалғаса береді. Ел сенімін ақтау жолында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар қазақстандық соттардың мақсаты айқын, бағыты анық екенін көрсетеді.

БАСТЫ МІНДЕТ – ХАЛЫҚҚА АДАЛ ҚЫЗМЕТ

Қазақстанда мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың жұмыс істегеніне бір жылдан асты. Бұл қатарда Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты да бар. Аталған соттар азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау барысында әкімшілік органдар, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалар арасындағы құқық теңдігін қамтамасыз етеді.



Ақмарал ЖАНАБАЕВА,
Маңғыстау облыстық мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе
меңгерушісі

Әкімшілік сот ісін жүргізу міндетіне жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу кіреді. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жария-құқықтық дауларды шешудегі тиімділігін соттар тәжірибесінен байқауға болады.

Аталған кодекспен әкімшілік істі жауапкер қатысуынсыз қарау нормасы бекітілген. Бұл үшін істің толық қаралуына ешқандай кедергі болмауы керек. Ал, мүдделі адамдар іске судьяның бастамасымен немесе процеске қатысушының өтінішхатымен тартылады.

Сот тәжірибесінен айтар болсақ, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына биылғы 5-қаңтар мен 16-қыркүйек аралығында 487 талап қою туралы арыз түссе, солардың 136-сы сот орындаушылардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты болды. Бұдан кейінгі орында салық органдарына байланысты даулар тұр. Мемлекеттік сатып алу, жер, тұрғын үй, өзге де даулар бойынша және лауазымды тұлғалардың шешімдеріне байланысты шағымдар үлесі де басым. Жоғарыда көрсетілген мерзімде аталған сотпен 202 әкімшілік іс шешім шығару арқылы аяқталса, солардың 67 пайызы толықтай, 24,2 пайызы ішінара қанағаттандырылған.

Сотқа жүгінушілерге құқықтық сауаттылық тұрғысынан бағыт-бағдар берудің маңызы зор десек, оның нәтижесі тараптардың ортақ мәмілеге келуінен көрінеді. Мысалы, соттың екі жақты татуластыру үшін қажетті шараларды қабылдап, көмек көрсетуі өз кезегінде талап қоюшылар үшін де өте қолайлы.

Маңғыстау облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына түскен шағымдардың 26 пайызының татуласу рәсімдері аясында аяқталуы судьялар еңбегінің жемісі. Осы тұста айтып өтерлігі, әкімшілік істерде дауды татуласу, медиация немесе партисипативтік рәсімдермен шешу мүмкіндігі көзделген.

Жыл басынан бері тараптардың татуласуына, сондай-ақ, жауапкердің талапты толық орындауына, т.б. байланысты 234 іс қайтарылған. Бұлардың арасында әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайтын, яғни, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамалармен берілген істер де бар.

Біздің сотта 21 іс 10 өндіріске біріктірілген. Жеке ұйғарымдардың орындалуы соттар тарапынан қатаң бақылауға алынатынын да айтқан жөн. Жеке ұйғарымдардың ең көбі мемлекеттік мекемелерге – 65, ал, 17-сі жеке сот орындаушыларға, 13-і басқа да әкімшілік органдарға шығарылды.

Егер жауапкер татуласу рәсімдерін жүргізу нәтижесінде жасалған келісімдерді бекіту туралы ұйғарымды орындамаса, оған 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алу қолданылады. Осыған орай, судьялар процестік мәжбүрлеу шаралары ретінде 28 тұлғаға ақшалай өндіріп алуды қолданды. Мұның ішінде соттың ұйғарымын орындамағаны үшін қайтадан ақшалай өндіріп алу жауапкершілігін арқалағандар да бар. Ақшалай өндіріп алулар республикалық бюджет пайдасына өндіріледі.

Ақшалай өндіріп алу туралы мәжбүрлеу шарасы қолданылатын адамға алдын ала хабарланады. Заң талабына сай, сот әкімшілік істі қараудың созылуына алып келетін әрбір әрекет пен әрекетсіздік үшін 10 АЕК-ке дейін өндіруге құқылы.

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты заманауи технологиялық инфрақұрылыммен толықтай жабдықталған. Ақпарат орталығы, кіріс кеңсесі мен фронт-кеңсе жұмыс істейді. Бұған қоса, медиаторлар, адвокаттарға арналған кабинеттер бар.

«Басты – міндет, халыққа адал қызмет» десек, біздің ұжымның да әрбір қызметкері халық үніне құлақ асатын мемлекет құру бағытында еңбек етуде. Бұл тұрғыда әкімшілік әділет институтының алар орны бөлек.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ еліміз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына айрықша көңіл бөліп келеді. Соның айқын әрі кепілдендірілген бір көрінісі Конституциямыздың 1-бабында адам құқықтарын сақтау нормасы бекітіліп, 30-бап түгелдей азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, мүдделеріне арналды.



Арай ОМАРОВА,
Алматы қаласы Медеу аудандық
№2 сотының жетекші маманы

Бұл демократиялық ашық қоғамда өмірдегі барлық құндылықтардың ішінде адам құқықтары мен бостандықтары ғана маңызды болып саналатындығын білдіреді. Осындай ұстанымдағы елімізде адам құқықтарын қорғау бірінші орынға қойылып мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені іс жүзінде де дәлелденіп келеді. Яғни, зайырлы елімізде адам құқығы заңмен қорғалып, оның өміріне қолсұғушылыққа жол берілмейді.

Соңғы жылдардағы еліміздің сот жүйесіндегі елеулі өзгерістер де негізінен адам құқығын қорғауға бағытталған. Мемлекет басшысының бағдарламалық құжаттарында көрініс тапқан реформалардың негізі де уақыт сұранысына сай халқымыздың құқықтарын қорғауды жетілдіруге арналған. Оның ішінде құқық үстемдігін күшейту, сот төрелігінің сапасын арттыру және халықтың сотқа деген сенімін көздеудің артында адам құқығын қорғау жатыр.

Осы орайда айта кетсек, өткен 4 жыл ішін-

де елімізде адам құқығын қорғауды күшейтуге бағытталған 37 заң әзірленіпті. Оның 30-ы бүгінгі күні толық қолданысқа берілген. Осы заңдардың арқасында қоғамымызда көптеген өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, тараптардың татуласуы көбейді, судьялар шеберліктерін шыңдай түсті, соттар келушілер үшін ашық бола бастады, салада ашықтық пен жариялылық күшейе түсті. Соттардың тәуелсіздігі артып, оларды қаржыландырудың жаңа қағидаты енгізілді, сот төрағаларының билік ету өкілеттіктері азайды. Санамалап айта берсек салаға серпін берген, қоғамдағы адам құқығының қорғалу деңгейін арттыра түскен өзгерістер жетерлік. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта тіпті күшейтіле бермек. Еліміздің Жоғарғы Соты азаматтардың құқықтары мен бостандығын, заңды мүддесін күшейту мақсатында – 30-дан астам заң жобасының қабылдануына мұрындық болса, алдағы уақытта тағы бірнеше заң жобасы қаралу үстінде. Демек, халқымыздың құқығының қорғалуы алдағы уақытта да уақыт сұранысына сай жаңара бермек.

Азаматтарды алаламай, барлығының қоғамымызда тең құқықта болуы үшін жасалып отырған тағы бір өзгеріс елімізде енді мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты кемсітушілік сөздері де қолданылмайды. Мәселен, «мүгедек» емес, «мүгедектігі бар адам» термині қолданылады. Сондай-ақ, жақында Парламент мәжілісі мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Бұл елімізде талай жылдан бері айтылып келе жатқан мәселе болатын. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамның көптеген игілігін басқалармен тең құқықта пайдалана алуы үлкен жетістік деп айтуға болады. Бойындағы қандай да бір өзгерісі үшін өзін өзгелерден төмен санайтындар аз емес. Соларды өгейсінбеуі үшін жасалып отырған бұл заң жобасы да қоғам сұранысынан туындап отырғаны анық.

Айналып келгенде қоғамымызда барлық адамдардың құқықтары тең болуына, ешкімнің қоғамда өзін төмен, кем санамауына жасалып отырған бұл өзгерістің де болашағы зор. Кез келген адамның алдымен басқалармен тең құқықта екеніне мән беріліп, кейін ауру-сырқаты жөнінде айтылуы еліміздегі мүмкіндігі шектеулі талай жанның көңілінен шығады. Сондай-ақ, аталмыш заң жобасы аясында «соқыр», «саңырау», «мылқау» деген терминдерді де қолданбау туралы айтылған. Бұл сөздерді бұдан былай қол-

даныстан шығара отырып, қоғам мәдениеті де артары сөзсіз. Адам құқығын қолдауға бағытталған мұндай заң жобалары маңызды. Ешкімнің кемшілігін бетіне баспау басты мақсатқа айналды. Жалпы, көптеген дамыған елдер бұрыннан мән беріп, адам құқығының тапталмауы үшін қолға алынған бұл шаралардың кеш те болса біздің елімізде көтерілуі қуантпай қоймады. Демек, еліміздегі адам құқығын қорғау деңгейі жыл өткен сайын жақсарып, уақыт сұранысына сай жетілдірілу үстінде.

Осы орайда Мемлекет басшысы халыққа арнаған бір жолдауында: «Мен адам құқығын қорғау саласын әрдайым жеке-дара бөліп қарайтынымды білесіздер. Біз соңғы екі жылда бұл бағытта едәуір ілгері бастық», – деп атап өткен болатын. Бұл адам құқығын қорғау Президентіміздің басты назарында екенінің айқын дәлелі.

Нақты мысал келтірер болсақ, Қ. Тоқаев өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойды. Одан бөлек Мемлекет басшысының бастамасымен адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспар бекітіліп, онда гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге басымдық берілді. Бұған қоса сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда.

Сондай-ақ, Президент балаларға, оның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жыныстық қылмыстың алдын алу, өскелең ұрпақты есірткі заттарынан сақтау, сыбайластыққа жол бермеу, адвокаттардың құқығын қорғауға қатысты пәрменді тапсырмаларды жүктеді. Сол арқылы адамдар құқығы қорғалып, қауіпсіздік қамтамасыз етілмек. Жалпы, саяси реформаларға елеулі өзгерістер енгізу халықты мемлекет басқару ісіне барынша тартуға оң ықпал етсе, адам құқықтарын қорғау саласын жетілдіру қауіпсіз қоғам қалыптастырудың алғышарты болмақ.

Атап өтер жайт, кез келген адам өз құқықтары мен бостандықтарын, оларды қалай қорғап қалуды білуі керек, әйтпесе, құқықтық тетіктердің тиімділігі туралы айтудың мағынасы болмайды. Мемлекет тарапынан қамтамасыз етілген құқықтарын кез келген адам қорғауға қабілетті болуы қажет. Қазіргі замандағы адам құқықтары – жалпы адамзаттық мәдениеттің қуатты бөлігі. Сондықтан, Адам құқықтары – жоғары құндылық, оны құрметтеу, сақтау және қорғау – мемлекеттің міндеті.

АДВОКАТ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Әрбір азаматқа қорғануға мемлекет құқық береді. Бұл туралы еліміздің негізгі заңы Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған. Заңды және жеке тұлғаларға заң



көмегін әртүрлі құқықтық субъектілер арқылы, адвокаттар мен нотариустар көрсетеді. Адвокаттық және нотариаттық қызметтерді жүзеге асырудың негізгі талаптарының бірі - мемлекеттік лицензиясының болуы. Лицензия алу бірнеше сатыдан тұрады. Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер Әділет органдарында мемлекеттік қызмет алады.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет – қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылады. Әрі олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игілік-

тер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асырады.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңының 40-бабының 2-тармағына сәйкес, адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан ойдағыдай

өткеннен кейін, үміткерлерді аттестаттау жөніндегі комиссияға «Электрондық үкіметтің» веб-порталы не заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарды тіркей отырып, өзін аттестаттауға жіберу туралы өтініш жібереді.

Сонымен қатар, «Нотариат туралы» заңның 7-2-бабының 2-тармағына сәйкес, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін тиісті құжаттарын қоса тіркей отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары арқылы аттестаттауға жіберу туралы өз өтінішін аттестаттау комиссиясына жолдайды.

Адвокаттық және нотариалдық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалар www.egov.kz, www.elicense.kz, электрондық үкімет веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы бойынша электрондық құжаттарын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі «Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» және «Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарттарында келтірілген.

Мемлекеттік қызмет «Е-лицензиялау» жүйесінің мемлекеттік дерекқоры арқылы тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысатын тұлғаларды аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасы заңдарын білуге компьютерлік тест;

2) емтихандық билет бойынша ауызша тапсырмаларды орындау.

Компьютерлік тестке жұмсалатын жалпы уақыт 90 минутты (100 сұрақ) құрайды. Қызмет алушы компьютерлік тесті ұсынылған жалпы сұрақтардан жетпісіне дұрыс жауап беретін болса, сынақтан өткен болып саналып, екінші кезеңге жіберіледі.

Екінші кезеңде қызмет алушыға практикалық тапсырмаға дайындалу үшін 10 (он) минут беріледі. Үміткердің практикалық тапсырмаға жауабын Комиссия мүшелері бес балдық жүйемен бағалайды. Аттестаттау немесе аттестаттамау туралы Комиссияның шешімі аттестация өткізілген күні шығарылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау туралы шешім ол шығарылған күннен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады. Ал, нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау туралы шешім ол шығарылған күннен бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады.


Адвокаттық және нотариаттық қызметтерді лицензиялауды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүзеге асырады. Адвокаттық және нотариаттық қызметтермен айналысу құқығын лицензиялау 2011 жылдың 15 тамызынан бастап электрондық түрде көрсетіледі.

Әділбай ЕРЖАНОВ,
Әділет департаменті
құқықтық түсіндіру және
халыққа заңгерлік қызмет көрсету
бөлімінің басшысы

ҚҰТҚАРШЫ МЕНІ...

– Сенің атың кім?
– Темір.
– Нешедесің?
– Он бірден астым.
– Ойын тәртібі бойынша сен маған тек шыныңды айтуың керек. Тек қана шыныңды. Егер өтірік айтсаң, ойыннан шығасың. Келістік пе?
– Келістік.
– Мекенжайыңды білесің бе?
– Білем. Бостандық ауданы, он тоғызыншы үй.
– Жер үй ғой.
– Иә.
– Яғни, үйіңнің оң жағындағы мектеп-гимназияда оқисың. Солай ма?
– Солай.
– Қай сынып?
– Алтыншы.
– Қазір үйіңде жалғызсың ба?
– Иә.
– Онда бейнебайланысты қосшы.
Темір көп ойланбастан бейнебайланысты қосып, компьютердің дауысын көтеріп қойды.
– Сәлем, балақай!
– Сәлем!
– Менің атым Еңлік! Ал сенің атың Темір ғой, иә?
– Иә.
– Үйде расымен-ақ өзің ғанасың ба?
– Иә.
– Қорықпайсың ба?
– Жоқ, неден қорқам!
– Жарайсың, Темір! Маған осындай ештеңеден қорықпайтын дос керек! Айтпақшы, ойынның атын көрдің ғой иә? «Құтқаршы мені» деп аталады.

– Иә, көрдім.
– Ендеше, сен мені құтқаруың керек! Міне, көрдің бе, мен зынданның ішінде отырмын.
– Мен қалай құтқарам?
– Ол сен сияқты ештеңеден қорықпайтын балақай үшін түк те қиын емес. Саған жеті тапсырма беріледі. Солардың бәрін орындай алсаң, мен бостандыққа шығам. Ең бастысы, сен әр тапсырманы орындаған сайын қымбат сыйлыққа ие боласың!
– Қандай сыйлық?
– О, қу бала! Бәрін бірден білгің келеді, иә? Онда былай істейік! Сен қазір есік алдына шық, табалдырығыңда не тұрғанын көресің!
Темір компьютерге сенімсіз қарап отырды да, әдемі қыз күлімсіреп есікті нұсқаған соң сыртқа қарай жүгіре жөнелді. Есікті ашып еді, расымен-ақ пицца, кола және гамбургер тұр екен. Өз көзіне өзі сенбеген бала алар-алмасын білмей жан-жағын сәл шолды да, заттарды алып ішке кірді.
– Қалай, маған енді сендің бе?
– Иә.
– Ойынды бастаймыз ба?
Темірдің қызығушылығы енді оянғандай. Пиццадан бір тістеді де басын көңілдене изеді.
– Онда алғашқы тапсырма! Тоңа-зытқыштан екі жұмыртқа алып кел!
– Не үшін?
– Темір, біз келістік емес пе? Сенің жеті тапсырма орындауың керек. Осылай артық сұрақ қоя берсең, мені кім құтқарады?
Темір екі жұмыртқа әкелді де, компьютер алдына қайта отырды.
– Енді осыны екі қолыңа ұста да, басыңа жар. Ұмытпа, сені бағанағыдан да ғажап сыйлық күтіп тұр!



Темір көп ойланбастан басына қос жұмыртқаны жара салды. Компьютер экранында Еңлік сықылықтай күліп жатыр.

– Жарайсың, Темір. Мен саған ризамын. Енді басыңды жу да есік алдына шыға ғой.

Мына сөзді естіген Темір басынан сорғалаған сары уызды екі қолымен жапқан күйі ваннаға жүгірді. Басын шала-пұла шая салып сыртқа ұмтылды. Міне, керемет! Жап-жаңа самокат. Ол ентіге басып қайта келді.

– Құтты болсын! Қалай, ұнады ма?

– Иә!

– Ойынды жалғастырамыз ба?

– Иә!

– Айтпақшы, әкең мен анаң жұмыстан нешеде келеді? Бізді көріп ренжіп жүрмесін.

– Анам жетілерде келеді. Әкем, әкем тым кеш келеді.

– Олай болса, біз тағы екі-үш ойын ойнап үлгереміз екенбіз. Қане, бұл жолы ас үйден

сұйық май, кесе, қасық, майонез және кетчуп әкел!

Ойынға шын берілген Темір Еңлік айтқанның бәрін жылдам алып келді.

– Осылардан аз-аздан кесеге құя ғой. Алдымен майонезден бастайық. Болды, болды. Енді кетчуп. Аха, жетеді. Қалғанына сұйық май құясың. Азамат! Енді жақсылап араластыр. Міне, бәрі дайын болды. Бұл – екінші тапсырма! Сыртта сені жаңа сыйлық күтіп тұр! Сонымен дайынсың ба?

– Иә, дайынмын!

– Ендеше кесені қолыңа ал да тауысып ішіп қой. Қане!

Темірдің бар пейілі сыртқа ауған. «Бұл жолы қандай сыйлық тұр екен?» деп шыдамы таусылған бала ә дегенде жиіркене ұрттады да тәуекелге бел буғандай кесені басына бір-ақ төңкерді.

– Міне, жігіт! Міне, нағыз құтқарушым! – деп сықылықтай күліп жатқан Еңлікке қарауға мұршасы келмеген Темір жүрегі айнып әжетханаға лоқси құлады. Сосын көзінен шығып кеткен жасты жеңімен сүртіп, далаға шықты. Жап-жаңа гироскутер! Темір өз көзіне өзі сенер емес. Шешесіне алып беріңдерші деп жүргеніне қанша болды. Мұның бағасы, сексен мыңнан басталады-ау. Ол жаңа сыйлығын құшақтап Еңліктің алдына қайта келді.

– Қалай, ұнады ма?

– Иә, ұнады.

– Түрің біртүрлі ғой. Әке-шешеме бұл сыйлықтарды қайдан алдым деп айтам деп алаңдап тұрсың ба? Түк саспа, мен саған сауда орындарындағы ойналатын ойындарға лотерея билеттерін берем. Сен екі сыйлықты да достарыңмен бірге барып сол жақтан ұтып алдым дейсің. Жарай ма?

– Жарайды.

– Алдымен екі сыйлығыңды жақсылап тығып қой. Сосын біз үшінші тапсырмаға көшеміз.

Темір екі ойыншығын төсегінің астына жасырды да, компьютер алдына келді. Жүрегі әлі айнып тұрса да үшінші сыйлық не болуы мүмкін деген ой санасын жаулап алған.

– Міне, үшінші тапсырмаға да келіп жеттік. Дайынсың ғой?

– Дайынмын!

– Орныңнан тұра ғой.

Темір орнынан жылдам тұрды.

– Жейдеңді шеш!

Темір Еңліктің айтуымен алдымен жейдесін, сосын, футболкасы мен шалбарын шешті.

– Енді кезек ішкіімге келді! Қане, қане, Темір, батыл болсаңшы.

Еңлік қаншалықты тықақтағанымен Темір ішкіімін шеше алмады. Беті бір қызарып, бір бозарып, ұяттан кірерге тесік таба алар емес.

– Мен саған өкпеледім, – деді Еңлік. – Сен ойын тәртібін бұздың. Саған сеніп, мені құтқарады деп үміттеніп ем.

Темір қолын бір-екі рет ышқырына апарғанымен бәрібір тәуекел ете алмады.

– Темір, онда былай келісейік. Міне, қарашы, алдымен мен шешем. Еңлік футболкасын шынымен-ақ шешіп тастады. Қызыл төстартқышпен ғана отыр. Ол көзін тез тайдырып әкетті де, қыз не айтса да жерден басын көтермеді.

– Ой, ұялшақ, мен сені мықты жігіт екен деп жүрсем, бір қарауға да жарамадың. Жарайды, ал мен енді шалбарымды шешем. Міне, шештім. Айтпақшы, сен үшінші сыйлықтың не екенін білесің бе?

Темір көзін жерден көтерместен басын шайқады.

– Ол ана екеуінен де күшті. Оны білгің келсе, басыңды көтер де онға дейін санағанымша маған қарап тұр.

Лажы құрыған Темір компьютерге көз салып еді, ішкііммен ғана тұрған Еңлікті көрді. Жүрегі еркінен тыс атқақтап кетті, тынысы тарылды, аузы құрғап, басы айналғандай болды. Баланың бұл хәлін дәл сезінген қыз сылқ-сылқ күліп шыр айналды да сәл қайқайып бір қырынан тұра қалды.

– Енді ішкіімді шешпесең, ең қымбат сыйлықтан құр қаласың!

Бала еріксіз ішкіімін шешкенімен, бүрісіп әуретті жерін қос қолымен басып тұр. Мұны көрген қыз одан сайын сықылықтай күледі.

– Жарайды, сен маған ұнап қалдың. Сондықтан бұл жолы жеңілдеу тапсырма берейін.

– Ал сыйлық ше?

– Аа, сыйлықты ұмытпайсың иә? Ол сыйлықты қазір берсем, әке-шешең анық күдіктенеді. Рас қой. Келесі тапсырма сәл оңайлау болғандықтан екеуі үшін спорттық велосипед берем. Бола ма?

Қуанып кеткен бала басын асығыс изеді.

– Ас үйге тағы бар да бұл жолы пышақ пен орамал әкел.

Баланың көзі шарасынан шығып кетті.

– Қорықпа, жігіт деген қорқушы ма еді? Бара ғой.

Темір қорқасоқтай басып, қыздың айтқанын алып келді.

– Міне, жігіт! Енді қолыңды столға қой. Қоя ғой, түк те етпейді. Менің құтқарушым, арыстаным, мынаны ұстап көргің келе ме?

Еңлік алдымен қос анарын қысып, сосын теріс айналып жұмсақ жерін қолымен шапаттап қойды. Тағы да жанарын ала қашқан Темірдің пышақ ұстаған қолы дір-дір етеді.

– Енді не тұрыс? Кес алақаныңды!

Бала шошына кейін шегінді. Біреу әне-міне бас салып саусақтарын турап тастайтындай қолынан пышағы түсіп кетті. Еңлік тағы да сақылдай күліп жатыр.

– Мә, сен ұялшақ қана емес, қорқақ та екенсің ғой. Сенің осындай қорқақ екеніңді достарың біле ме? Ауладағы балалар біле ме? Өзің жақсы көріп жүрген қыз біле ме? Қорқақ, ұялшақ! Білесің бе, екеуіміздің бағанадан бергі ойынымыз видеоға түсіп жатыр, сенбесең, бері қара!

Темір жасқана басын көтеріп еді, Еңлік екі-үш аттап барып, шағын теледидардағы бейнетаспаны ары-бері жүгіртті.

– Көрдің бе, міне, сенің шешініп жатқаның, міне, тыржалаңаш кейпің, сұйық май ішкенің, міне, басыңа жұмыртқа жарғаның. Ертең осыны достарыңа таратып жіберейін бе? Таратайын ба деймін?

Бұл жолы Еңліктің даусы тым қатқыл шықты. Бағанағы жағымды дауыс, тәтті күлкі жоқ.

– Қане, көтер пышақты!

Амалы құрыған Темір жерден пышақты алып жатып бір жаққа үміттеніп қарады, қарады да жылдам басын көтеріп, пышақты алақанына жақындатты.

– Ал енді кес, кес!

Ащы айқайдан күллі денесі дірілдеп кеткен бала көзін жұмып алақанын пышақпен осып жіберді де, қолынан сау ете қалған қанды көріп бажылдап отыра кетті.

– Орамалың қайда? Ора қолыңды орамалмен! Міне, менің нағыз құтқарушым! Ертең телефоның өзіңде болсын! Сыйлықты қайдан алуың керек екенін өзім хабарласып айтам. Әке-шешең не деуің керегін ұмытқан жоқсың ғой. Пицца тураймын деп кесіп алдың. Ал әзірге сау бол! – деді де, Еңлік байланысты үзді.

* * *

Қолын ақ дәкемен орап алған Темір сабаққа барды. Кешегі оқиғадан кейін көңіліне бір желік біткендей. Қолына алаңдаған досжаранына бәрін мақтана баяндағысы келеді, дегенмен сабыр сақтау керек. Бүгін шешуші үш тапсырма бар. Кешегі тапсырмалар үшін спорттық велосипед алса, қалғаны үшін берілетін сыйлық тіпті қомақты шығар. Ол әлсін-әлсін телефонына қарап қояды, әзірге еш хабар жоқ. Бесінші сабақ біткенде телефонына жасырын нөмірден «Соңғы сабақты тастап шыға аласың ба?» деген хат келді. «Иә». «Байқа, ешкім біліп қоймасын. Білсе, өзіңе қиын болады. Түсіндің бе?». «Түсіндім». «Сыртқа шық». Осындай қысқа жауаптасудан кейін ол мектеп ауласына шықты. Ешкім көрінбейді. Жан-жағына қарай-қарай көшеге шыққанда жанына жүгіріп кішкене оқушы қыз келді де:

– Мынаны саған беріп жіберді, – деп қағаз ұстатты.

– Кім беріп жіберді?

– Білмеймін, ана жақта, достарың, – деген қыз мектепке қарай жүгіре жөнелді. Ештеңе түсінбеген Темір қағаздың орауын ашып еді, «Алматы» дүкенінің алдында жаңа сыйлығың тұр», – деген жазу ғана бар екен. Ол жиырма-отыз қадам жердегі дүкенге қарай жүрді. Расымен-ақ, сауда орнының алдында су жаңа велосипед менмұндалайды. Темір жан-жағына жалтақтай қарап, енді не істерін білмей тұрғанда, әлдекім: «Темір», – деп айғайлады. Дауыс шыққан жаққа жалт қарап еді, жеті орындықты көліктің есігін ашып,

күні кеше ғана көрген Еңлік қол бұлғады. Бұл аңтарылып қалды.

– Келсеңші енді. Қорқып тұрсың ба? Велосипедіңді ала кел, қорқағым!

Ол кешегідей сықылықтай күлді. Бала «Қорқып тұрсың ба?» деген сөзге намыстанып, велосипедті сүйреген күйі көліктің жанына келді.

– Міне, жігіт! Кәне, сыйлығыңды ішке кіргіз. Сонымен, енді үш тапсырма қалды ма?

– Иә.

– Онда кеттік, менің құтқарушым. Айтпақшы, кола іш. Шоколад жейсің бе? Мә, ал, ұялма.

Бес сабақтан кейін қарны кәдімгідей ашып қалған Темір қыз ұсынған шоколад пен коладан бас тартқан жоқ.

– Мынауың дұрыс болды. Қазіргі үш тапсырманы орындау үшін саған көп күш керек.

– Қандай тапсырмалар болуы мүмкін?

– Әй, қу бала, айттым ғой, нағыз құтқарушысың деп, бәрін алдын ала білгің келеді иә? Онда ойынның шарты бұзылады, шыда, шыда, досым.

Темірдің ұйқысы келе бастады, бетін уқаласа да, коладан ұрттаса да, тіпті терезені ашса да болар емес. Еңліктен ұялғанынан ғана сауалдарына жауап беруге тырысқанымен ұйқы шіркін еркіне қоймай алып бара жатыр.

Ол бетіне шашылған судан есін жиды. Ол айналасындағы үш-төрт бейтаныс жігітті көріп, «Мен қайдамын?» – деп шошып кеткен Темір анадайда біреумен сөйлесіп тұрған Еңлікті көрді де:

– Еңлік, Еңлік тәте, – деп жыламсырай айғай салды. Бұған бәрі ду күлді де, біреуі:

– Еңлік де! Кеше кім едің? Лаура болдың ба, Ақдана ма, мә, атыңнан жаңылдық қой, – деп еді, бәрі тағы да жамырай күлді. – Қалай болғанда да бұл жолғы олжаң уысыңа тез түсті.

– Болды, көп сөзді қойыңдар. Іске кірісейік, – деген бір жігіт Темірге жақындап келді де, – Темір, атың өте жақсы екен. Енді үш тапсырмаң қалғанын білесің ғой, иә?

– И-иә. – деді ол дауысы дірілдеп.

– Білсең, ертең мектебіңе барғанда бағана

өзің жеген шоколад пен коланы бір досыңа бересің. Тек, есінде болсын, кола мен шоколадты сабақтан кейін, үйге қайтып бара жатқанда «Алматы» дүкенінен аласың. Қайдан аласың?

– «Алматы» дүкенінен.

– Міне, нағыз көкжал! Ол жерге солай біз айтқан күні бір ғана досыңмен келіп жүретін боласың. Түсіндің бе?

– Түсіндім.

– Бұл тапсырмаларды дұрыс орындасаң, велосипедтен зорын алып береміз. Электросамокат, мопед, қысқасы, бәрі сенде болады. Керек десең, ақша да бар. Ұқтың ба?

– Ұқтым, иә, ұқтым.

– Сен әбден ұғып алу үшін біз саған тағы бір сыйлық дайындап қойдық. Көресің бе?

Ол шарасыз басын изеді. Сол сәтте Еңлік барды да тура кеше өзі компьютерден көрген теледидарды қосып бейнебаяндарды жүгірте бастады. Жасы өзімен шамаласы бар, үлкені, кішісі бар түрлі жағдайдағы ұлдар мен қыздардың фотосуреттері мен видеоларынан Темірдің жаны түршігіп, қорыққанынан: «Әке», – деп айғайлап жіберді. Жанында отырған жігіт:

– Сенің даусыңды. – деп те үлгерген жоқ, сыртқы есік шалқасынан ашылып, ішке бетін тұмшалаған арнайы жасақ кіріп келді.

– Жат, жатыңдар!

Ешкімнің қозғалуына да мүмкіндік бермеген олар бес жігіт пен бір қыздың қолын қайырып, еденге етпетінен жатқызып тастады.

– Абырой болғанда бәрі сәтімен бітті.

– Иә, бәсеке, осы іс сәтімен біткенше ұйқы ұйқы, күлкі күлкі болмады.

– Тәуекеліңе қатты таңқалдым. Осы салада ғұмырым өтіп келе жатса да баласын құрбандық ретінде пайдаланған жанды кездестірмеппін. Жүрегің тас, жүйкең темір екен.

– Сырт көзге солай ғой. Ол арандап қалар ма екен деп жанымды шүберекке түйіп жүрдім. Компьютеріне, сөмкесіне, өзге де заттарына байқалмайтын камера қойғанда да, олар істемей қала ма деп жаным шықты.

– Білем, бәрін білем. Бұған дейін өлген балаларды қайта тірілте алмаймыз, дегенмен

талай рет қапы қалдырып әбден діңкелеткен осы топ арқылы бала саудасымен, мектептердегі наркотик саудасымен, кәмелеттік жасқа толмағандарды зорлау, өлімге мәжбүр ету ісімен айналысып жүрген бірнеше сыбайлас қылмыскерлер қолға түсті.

– Осымен тоқтаса ғой.

– Мен осы салада жұмыс істегелі талай жантүршігерлік қылмысқа куә болдым. Кәнігі ізкесушілер, небір детективтер «Қолға түсіру барысында қарсылық көрсетті» дегенді желеу қылып шектен шыққан кейбір қанішерлерді өлтіріп жіберді. Қылмыс сонда да тоқтаған емес. Жер бетінен адам жойылып кеткенше тоқтамасы анық.

– Оныңыз да рас.

– Қой, мен сенің уақытыңды алмайын. Демалысында не істемек ойың бар?

– Отбасымды алып көз көрмес, құлақ естімес бір жаққа тартып кетсем бе деймін. Оның үстіне, балам да қатты шошынып қалды. Сергісін, бәрін ұмытып келсін.

– Өте дұрыс. Тек, тым шығандап кетпе. Сен бізге керексің! Болашақта балаңнан да мықты ізкесуші шыққалы тұр, түк сыр бермеді.

– Көп рақмет, бәсеке!

Оқиға қалай басталып еді.

Ол жұмысынан әдеттегіден ерте келді. Алтыншы сыныпқа көшкен ұлы компьютерде отыр екен. Ойынға бар ынтасымен кіріп кеткені сонша, мұның келгенін байқаған да жоқ. Жуынатын бөлмеге кіріп, ваннаға су толтырды. Сосын терезеден секіріп кеткен он жастағы ұл баланы ойлады. «Менің ұлымнан бір жас қана кіші екен». «Ал оның алдындағы қыз ше, құдай-ау, ол мүлде өрімдей ғой». Осы оймен жүріп ол киімін киді, тоңазытқыштан сусын алып ішті. Содан кейін ғана ұлының есігін қақты.

– Әке, сен неге ерте келгенсің?

Әкесі әлі орнынан тұра қоймаған ұлының жанына келіп жайғасты. Мейірлене басынан сыйпады.

– Ұлым, сен он бірге келдің. Үлкен жігіт болдың. Солай ма?

– Солай, солай. Болды, баршы. Менің уақытымды алып жатырсың.

– Жарайды, уақытыңды алмайын. Тек маған бір көмегің керек болып тұр. Соны істесең, мен жайыма кетем.

– Ол не? Не істеуім керек?

– Бұл – тек жігіттердің жұмысы. Біріншіден, мұны екеуіміз ғана білуіміз қажет. Анаң да, достарыңа да, ешкімге ештеңе айтпайсың!

– Келістік! Ал енді айт, не істеуім керек?

– Алдымен ойыныңнан шық та интернетке кір. Сосын мынаны тер.

Ол қалтасынан бүктелген қағазды алды да баласының алдына қойды.

– «Құтқаршы мені». Бұл не, ойын ба?

– Иә, ойын, балам, ойын. Енді осыған тіркелу керек.

– «Сенің атың кім?» – дейді.

– Жаза ғой.

Баласы атын, мекенжайын, оқитын мектебін, сыныбын, телефон нөмірін жазып шықты.

– «Үйіңде жалғызсың ба? Жалғыз болсаң, бейнебайланысқа шық», – дейді.

– Шыға ғой. Компьютердің дауысын көтеріп қой. Не сұраса да шынайы жауап бер, не істе десе де істе. Қорықпа, мен сенің жаныңдамын. Тек, менің бар екенімді білдірме. Ал кіріс, балам.

Әкесі компьютер столының астына жасырынды да, баласы тікелей байланысқа шықты.

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Куәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.10.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.10.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 20. Таралым 746.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»